

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы.

Ескерту. Жарлықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын басшылыққа алсын және оны іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2018 жылғы 15 ақпандағы
№ 636 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҰЛТТЫҚ ДАМУ
ЖОСПАРЫ**

Ескерту. Стратегиялық даму жоспары жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен.

1. Кіріспе
2. Жаһандық үрдістерді талдау

3. Іске асырудың негізгі қағидаттары
4. Іске асыру тәсілдері және күтілетін нәтижелер
 - 1-жалпыұлттық басымдық. Әділ әлеуметтік саясат
 - 2-жалпыұлттық басымдық. Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі
 - 3-жалпыұлттық басымдық. Сапалы білім
 - 4-жалпыұлттық басымдық. Азаматтардың мүдделерін қорғайтын әділ және тиімді мемлекет
 - 5-жалпыұлттық басымдық. Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі
 - 6-жалпыұлттық басымдық. Патриотизм құндылықтарын дәріптеу
 - 7-жалпыұлттық басымдық. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту
 - 8-жалпыұлттық басымдық. Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру
 - 9-жалпыұлттық басымдық. Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту
 - 10-жалпыұлттық басымдық. Теңгерімді аумақтық даму

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (бұдан әрі - Елдің 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары) мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі бірінші деңгейдегі құжат болып табылады және Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру үшін әзірленді.

2018 жылы қабылданған 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары елдің үшінші жаңғыру процестерін іске қосты, сол арқылы экономиканың сапалы өсуі мен өмір сүру деңгейінің жоғарылауы бойынша міндеттерді айқындады.

Алайда коронавирус инфекциясы пандемиясының таралуы және оны ауыздықтау шаралары соңғы жүз жылдағы ең ауыр ауқымды дағдарысқа алып келді. Осылайша пандемия мен жаһандық рецессияның ажырамас әсері Қазақстан дамуының негізгі сценарийін түбегейлі өзгертіп, "жаңа болмысты" қалыптастырды.

Сын-қатерлер ушыға түсіп, мынадай үрдістер күшейді: шикізаттық үлгінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі; қоғам өмірі мен экономиканың барлық салаларын цифрландырудың жеделдеуі, технологиялық парадигма мен тұтыну құрылымының өзгеруі.

Қазіргі кездегі пандемия мен оның қайталану ықтималдығымен байланысты капитал мен шикізат нарықтарында белгісіздіктің жоғары деңгейі байқалып отыр.

Коронавирусты таралуын болдырмауға бағытталған шектеулердің сақталуына және соның салдарынан әлемдік сұраныс көлемінің төмендеуіне және протекционистік риториканың өсуіне байланысты сауда мен тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің бұрын-соңды болмаған қысқаруы байқалып отыр.

Коронадағдарыстың салдары әлемдегі ең ірі экономикалар арасындағы сауда қақтығысының бастауына айналуы мүмкін.

Жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру жағдайында жүйелік реформаларға Ұлт жоспары мен Бес институционалдық реформаға негізделген қуатты серпін қажет.

Мемлекет азаматтардың табысы мен өмір сүру сапасын арттыру үшін кәсіпкерлік, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін толық іске асыру мақсатында барлық қажетті жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасауға ұмтылады. Осындай тиімді құралдардың бірі халықпен үнемі қайтымды байланысты қамтамасыз ететін "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы болады.

Елдің 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының жаңа редакциясы коронадағдарыстың салдарын жоюға және анағұрлым орнықты және инклюзивті экономика үшін экономикалық өсуді жеделдету факторларын дамытуға бағытталған, елдің орта мерзімді кезеңдегі жаңа экономикалық бағдарының негізгі өлшемдерін қалыптастырады.

2. Жаһандық үрдістерді талдау

Әлемде COVID-19 таралуы және оған қарсы күресте үшін қабылданған шектеулер, барлық дерлік салаларда іскерлік белсенділіктің төмендеуімен қатар әлемдік экономикаға елеулі әсер етіп отыр.

Дамудың одан арғы траекториясында және экономикаға әсер ету деңгейінде белгісіздіктің жоғары дәрежесі байқалады.

Бұл ретте жаһандық деңгейде қалыптасқан трендтердің жеделдеуі және жаңа үрдістердің пайда болуы атап отіледі, олар шешімдер қабылдау кезінде және 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын әзірлеу кезінде ескерілуі қажет.

Қазақстан үшін өзекті әлемдік трендтер

Экономикалық трендтер

Орта мерзімді жаһандық өсу төмендеу жағына қайта қаралды. COVID-19 пандемиясының салдарынан әлемдік экономиканың Ұлы күйзелістен кейінгі рекордтық құлдырауы болжанады, кейін баяу қалпына келудің ұзақ кезеңі тұр.

Әлемдік ЖІӨ өсуінің орта мерзімді кезеңде төмендеуі бейбіт уақытта бұрын-соңды болып көрмеген мемлекеттік қарыздың едәуір ұлғайтады.

Әлемдік мұнай нарығы пандемиядан айтарлықтай зардап шекті. Сұранысты қалпына келтіру перспективалары қайта қаралды, өйткені қозғалыстағы шектеулер сұраныстың үштен бір бөлікке төмендеуіне алып келді.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің болжамдарына сәйкес Жаһандық сұраныстың ең жоғарғы шегіне ертерек қол жеткізумен мұнай нарығының біртіндеп қалпына келуі 2021-2023 жылдары күтілуде және ал 2030 жылы биікке шығады.

Бұл ілгерілеуге халық тарапынан көліктік және туризмнің көрсетілетін қызметтеріне қажеттіліктің төмендеуі, сол сияқты энергетика саласының трансформациялануы ықпал етеді.

Саланың өнімділігі төмендейді, бұл жобаларға ұзақ мерзімді инвестициялардың тәуекелін арттырады. Мұнай экспорттаушы елдердің айырбас бағамы мен бюджеттері елеулі қысымды бастан кешіреді.

Өзге биржалық тауарларға бағалар серпіні мұнайдікіне ұқсас болады. 2024-2025 жылдарға қарай алюминий мен мыстың дағдарысқа дейінгі бағасының, ал мырыш пен темір кені бағасының аталған мерзімнен кейін ғана қалпына келуі күтілуде. Бағалы металдардың бағасы оң серпінді көрсетеді.

Жаңа әлемдік сауда тәртібі қалыптасуда.

COVID-19 пандемиясынан туындаған уақытша бұғаттау жаһандану процесін үзіп, өзін-өзі оқшаулау мен протекционизм трендтерін күшейтті.

Ғаламдық қосылған құн тізбегінің табиғаты өзгеруде - сенімділік пен орнықтылыққа көшу жүріп жатыр. Тізбектер анағұрлым қысқарып, эртаратандырылады, ішкі жеткізу арналары нығайып, жақын орналасқан аумақтарда ("reshoring" және "nearshoring") өндірістердің қайтымдылығы және аутсорсинг бизнес-процестер үдейді.

COVID-19 пандемиясы ғаламдық көліктік көрсетілетін қызметтер нарығының құрылымына да айтарлықтай өзгерістер енгізді.

Осылайша, авиакомпаниялар банкроттықтың шегіне жетті әрі олар перспективада өте баяу қалпына келеді. Қиындықтар теңіз және автомобиль көлігімен тасымалдауда пайда болды. Теміржол бағыттары өздерінің ең орнықты және тиімді екенін көрсетті: Еуропа мен ҚХР арасындағы жүк тасымалдары ұлғайды.

Оқшаулауға баса назар аудару дамушы нарықтардан капиталдың бұрынғыдан да көп кетуінің себебі болуы мүмкін.

Мұндай жағдай инвестициялық режимдерді қатаңдатуға, сондай-ақ шетелдік тікелей инвестициялар мен технологияларға қол жеткізу үшін жаһандық бәсекелестіктің айтарлықтай өсуіне алып келеді. Нәтижесінде тікелей шетелдік инвестициялар қысқарғанымен, "сауда қақтығыстарынан" тыс кішігірім елдерге әсері елеусіз болады.

Технологиялық трендтер

COVID-19 пандемиясы қоғам мен экономиканы цифрландыру процесін қайтымсыз етті.

Виртуалды өзара іс-қимыл форматы күнделікті болып келеді. Цифрлық технологиялар бизнестің бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторына айналуға, электронды коммерция мен қаржылық технологияларға сұраныс өсуде, ал бірқатар салалар үшін цифрландырудан басқа балама да жоқ.

Тұғырнамалық шешімдерді дамыту формалды өзін-өзі жұмыспен қамтуды ұлғайту үшін ынталандыру болып табылады.

Цифрлық көрсетілетін қызметтер цифрлық қоғамдастықтар шеңберінде ыңғайлы және шығыны аз шешімдерге негізделген бірлесіп пайдалану экономикасының өсуіне ықпал ететіні белгілі.

Жаңа вирустардың пайда болуымен байланысты белгісіздік денсаулық сақтау жүйелерінің даму деңгейіне жаңа талаптар қойып отыр.

Медициналық қызметтерді цифрлық технологиялар арқылы тиімді көрсетуге ерекше назар аударылатын болады. Атап айтқанда, бұл HealthTech (Денсаулық сақтау технологиясы) жобасына қатысты, осыған орай денсаулық сақтау IT-ға, телемедицина мен денсаулыққа арналған бағдарламалық қамтылымға сұраныс артады.

Автоматтандыруды, робототехника мен төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін енгізу жергілікті инфрақұрылым құруға арналған шығындар салдарынан баяулаған болатын, бірақ COVID-19 пандемиясы бұл процесті жеделдетуде. Қазіргі заманғы қоғамның әл-ауқатының бүгінгі күнгі аса маңызды негізі кең таралған, қауіпсіз, жоғары сапалы және қолжетімді кең жолақты желі болып табылады.

Бизнес "жасыл" технологияларды іздестіруді, әзірлеуді және енгізуді жалғастыруда.

Ең алдымен денсаулық сақтау мен фармацевтикаға байланысты ғылыми зерттеулерге сұраныс артты. Елдер, қаржы институттары мен әлемдік қаржы элитасы ғылыми орталықтарға қаржыландыру ұсыну құқығына бәсекелесуде.

Интернет-трафик көлемінің өсуіне және пайдаланушылардың онлайн форматқа жаппай көшуіне байланысты киберқауіпсіздіктің маңызы артып келеді. Барлық салаларда киберқылмыскерлер мен кибершабуылдар белсенділігі күрт артуда.

Әлеуметтік трендтер

Коронадағдарыс әлемдегі теңсіздіктің өсу трендін үдетті. Бұл, ең алдымен, нақты өзара іс-қимылға тәуелді салалардағы жұмыс күшіне сұраныс күрт төмендегендіктен, жұмыссыздықтың айтарлықтай өсуіне байланысты.

Әлеуметтік қорғау жүйесінде жүктеме артуда, әлеуметтік наразылық күшейіп, қылмыс өсуде.

Әсіресе "карантин ұрпағы" - тәжірибесі аз жас жұмыскерлер, түлектер мен студенттер зардап шегіп отыр.

"Білім экономикасының" қалыптасуынан туындаған еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер жеделдей түсуде.

Процестерді автоматтандыру мен жасанды интеллектіні енгізудің арқасында "икемді" дағдыларға - технологиялық, әлеуметтік-эмоционалды және жоғары когнитивтік қабілеттерге деген сұраныс күрт өсуде. Бұл адамдардың негізінен жұмыспен қамтылуы шығармашылық тәсілді, көбіне қашықтықтан іс-қимыл мен үйлестіруді қажет ететін күрделі автоматтандырылмаған міндеттерді орындауымен байланысты болатындығын көрсетеді.

Бизнес еңбекті аз қажет етіп, біліктілігі орташа және төмен жұмыскерлерге сұраныс бұрынғыдан да азаяды.

Қазіргі заманның жаңа қатері жеткізу тізбегінің үзілуіне байланысты азық-түлік дағдарысының қаупі болып отыр.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар елдер азық-түлік қорларын жинауға және 2008-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыс кезеңіне қарағанда анағұрлым ауқымды көлемде экспорттық шектеулер енгізуге тырысуда.

Пандемия жануарларды қорғауға, оның ішінде олардың шығу тегін қадағалауда жүйесіне және ветеринарияға инвестиция салудың маңыздылығы туралы еске салды. Тренд өндіру мен ішкі өндіріс жағына қарай өсуде.

Көптеген елдердің үкіметтері денсаулық сақтау саласы мен оларды қаржыландыруды қайта қарауға мәжбүр болды. Бірде-бір елдің, оның ішінде дамыған елдердің де жүйесі пандемияға дайын болған жоқ.

Білім беру модельдерінің өзгеруі жалғасуды - өзін-өзі оқытудың, онлайн-платформалардың, ерте балалық шақта және өмір бойы оқудың рөлі артып келеді. Алайда бұл білім беру жүйесінде одан әрі теңсіздік тудырады: балалардың бір бөлігі, әсіресе, аз қамтылған отбасыларда немесе ауылдық жерлерде компьютерлер мен жоғары жылдамдықты интернеттің жетіспеуіне байланысты толыққанды қашықтықтан оқытуға қол жеткізе алмайды.

COVID-19 пандемиясы табиғи өзара іс-қимылды едәуір шектеді және әлемдегі жаппай көші-қон процестерін тоқтатты: елдер шегінде тұрғындар мегаполистер мен ірі қалаларға көшуде.

Саяси трендтер

Әлемде шиеленістер державалар арасындағы қақтығыстардың өршу қаупіне байланысты күшейіп келеді. Қорғаныс пен қауіпсіздікке шығыстар артты.

Барлық форматтағы деструктивті идеологиялардың енуі күшейіп келеді, бұл қоғамның радикалдануы мен бөлінуіне, әлеуметтік капиталдың кемуіне алып келеді.

Мемлекет саяси жүйелерге тәуелсіз әлеуметтік қауіпсіздіктің кепілі болуға мәжбүр, өйткені азаматтардың едәуір бөлігі кедейшілік жағдайына оралды.

Көптеген елдердің саясаты кері реттеу арқылы араласуды азайтуға, институционалдық теңгерімді нарықтық қатынастар жағына ығыстыруға және дәстүрлі мемлекеттік үстемдік салаларында өзін-өзі реттеу тетіктерін кең ауқымда қолдануға бағытталатын болады.

Осылайша, неғұрлым икемді, орнықты, азаматтарға қатысты ашық және қайырымды мемлекеттік секторға сұраныс артып келеді.

COVID-19 пандемиясы халықтың барлық топтары үшін тең дәрежеде сапалы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету үшін жаңа процестер мен технологияларды енгізу қажеттігін анықтап берді.

Көптеген елдердің үкіметтері азаматтармен және бизнеспен байланыссыз өзара іс-қимылмен цифрлық трансформацияға бағыт алды.

Дағдарыстан кейін ынталандыру бағдарламалары мақсатқа жетудің тиімділігі тұрғысынан қайта қаралатын болады, өйткені әлемде орын алған жағдай мемлекетке деген қоғамдық сенімнің маңыздылығын атап өтті.

Оны қолдау үшін тиімді коммуникациялардың, азаматтарды тартудың және ашықтықтың маңызы зор.

Осыған байланысты интернет-қоғамдастықтардың өзін-өзі басқару институттарын дамытудың және азаматтық белсенділікті арттырудың тиімді құралы ретіндегі маңыздылығы атап өтіледі.

3. Іске асырудың негізгі қағидаттары

Қазақстанның дамыған ел ретінде қалыптасуы мемлекеттің, халықтың және бизнестің тыныс-тіршілігінің ағымдағы моделінің барлық құрауыштарын трансформациялауды белсенді жалғастыруды талап етеді.

Ел дамуының жаңа моделінде мемлекеттік мүдделер азаматтың айналасында тоғысатын болады.

Қалыптасқан "жаңа болмысты" ескере отырып, Елдің 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспарының мәні - жүйелі реформалар топтамасын қайта іске қосу және оларды 2025 жылға дейін іске асыру қажеттілігі, мемлекеттің рөлін қайта ой елегінен өткізу және негізгі мемлекеттік саясатты қайта құрылымдау.

Реформалар жүргізудің халықаралық және ішкі тәжірибесін назарға ала отырып, 2025 жылға дейін дамудың жаңа моделіне көшуде "қайта оралмайтын нүктеден" өту қажет.

Дамудың жаңа моделін қалыптастыру 7 негізгі қағидатқа негізделеді:

игіліктер мен міндеттерді әділ бөлу;

жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі;

әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарықтар ашу;

өнімділіктің өсуі, экономиканың күрделілігі мен технологиялығын арттыру;

адами капиталды дамыту, жаңа типтегі білім беруге инвестициялар салу;

экономиканы "жасылдандыру", қоршаған ортаны қорғау;

мемлекеттің негізделген шешімдер қабылдауы және олар үшін қоғам алдындағы жауапкершілік.

Қағидатты өзгерістер:

халықтың қамқорлық күтуінен - жеке жауапкершілікке;

сандық өсудің басымдығынан - сапалы және тұрақты өсу үшін жағдай жасауға;

мемлекеттің экономикалық қызметті реттеуінен - жеке бастаманы ынталандыруға және ең төменгі қажетті реттеуге.

Елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарының мақсаты барлық мүдделі тараптарды, оның ішінде халықты тарта отырып, бірлесіп іске асыруды көздейді.

Елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарын іске асыру, мониторинг және бағалау процестерінің маңызды құрамдас бөлігі азаматтық қоғамның қатысуы болып табылады. Елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарының белгілі бір міндеттерін іске асыруда қандай шаралар қабылданып жатқаны туралы халықтың хабардар болуы "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатын іске асыруды қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады.

Бизнес қажетті консультациялар беруге белсенді түрде қатысады, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру, технологиялық жаңарту, қызметкерлердің құзыреттерін дамыту жөніндегі іс-шараларды жүргізу арқылы өз тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің өнімділігі мен сапасын арттыру үшін нақты істерді қолға алатын болады.

Азаматтық қоғам өкілдері халықтың қоғамдық санасын жаңғыртуға бағытталған іс-шараларға қатысады. Бірлесіп іске асыру реформаларды іске асырудың нақты тетіктерін, әрбір тараптың жауапкершілік аймағын айқындау үшін консультациялар өткізуді, пікір алмасуды, Елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарының мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу тетігін құруды көздейді. Бұл ретте Елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарының аралық және қорытынды бағалауларын жүргізу барысында халықтың және бизнестің қабылданатын шаралардың нәтижелеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі.

4. Іске асыру тәсілдері және күтілетін нәтижелер

1-жалпыұлттық басымдық. Әділ әлеуметтік саясат

Басымдықтың мәні: халықтың өнімді жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу, отбасыларды қолдауға бағытталған әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар бойынша барлық міндеттемелерді орындау.

2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер:

әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы көптеген заңнамалық актілерден - азаматтар тиісті саладағы құқықтары мен міндеттері туралы білімдерінің бірыңғай дереккөзіне;

әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің мәлімдеме нысанынан - өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды қызметтермен қамту кеңейту үшін анықтаушы нысанға;

дәстүрлі жұмыс форматынан - еңбек қатынастарының прогрессивті нысанын енгізу арқылы жұмыспен қамтудың икемді нысандарын дамытуға;

өнімсіз жұмыстан - мемлекеттік қолдау көрсетілетін жобаларды іске асыру кезінде жоғары технологиялық жұмыс орындарын құруға;

мамандықтар мен кәсіптер бойынша дәстүрлі оқытудан - еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар мен құзыреттерді алуға;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қызметтерін көрсетудің жалпы форматынан - халықты жұмыспен қамтудың атаулы топтамалық шараларына.

1-міндет. Өнімді жұмыспен қамтуды дамыту

Пандемиядан кейін еңбек нарығын қалпына келтіру және жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын жаңғырту және жаңа, оның ішінде жұмыс берушілерді ынталандыру арқылы жұмыс орындарын құру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жұмыс орындарын, әсіресе, жоғары технологиялық жұмыс орындарын құру жобаларды іске асыруға мемлекеттік қолдау көрсету кезінде басты өлшем шартқа айналады.

Жұмыс процестерін автоматтандыруға байланысты жаңа дағдыларға қажеттілік үнемі өз бетінше білім алу және біліктілікті арттыру үшін, оның ішінде жұмыс берушілердің қолдауымен жағдайлар жасау арқылы өтелетін болады.

Сыни тұрғыдан ойлау, талдау жасау және проблемаларды шешу қабілеті, белсенді оқыту, күйзеліске төзімділік және икемділік еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі дағдыларға айналады.

Еңбек қатынастарының прогрессивті нысандарын енгізу арқылы жұмыспен қамтудың икемді нысандары дамытылатын және қалыптастырылатын болады.

Қашықтықтан және қашықтан жұмыс істеу форматын пайдалану тәжірибесін кеңейту басқа өңірлерден келетін жұмыскерлерді жалдау рәсімін едәуір жеңілдетеді және жұмыс берушілерге оңтайландырылған қаражатты қызметкерлерді оқытуға жұмсауға мүмкіндік береді.

Жұмыссыз, нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған және біліктілігі төмен жалдамалы жұмыскерлер жаңа кәсіби дағдылар мен құзыреттерге оқыту бойынша қолдау алатын болады.

Жұмыс орындарын болжамдау жүйесі және құрылатын жұмыс орындарын бағалау нәтижелері кадрларды даярлау жүйесінде ғана емес, мемлекеттік органдардың бюджет шығыстарын жоспарлау және қызметін бағалау кезінде де ескеріледі.

Жұмыс күші артық облыстардан кадрлар жетіспеушілігі байқалатын облыстарға ерікті түрде қоныс аудару кезінде еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығын ынталандыру жалғасады. Бұл тәсіл "экономикалық өсу нүктелеріне" (агломерациялар, ірі және орташа қалалар, ірі жобалардың орналасуы, перспективалы шекара маңындағы аумақтар) негізделетін болады, олар бойынша еңбек ресурстарына сұранысқа сәйкес ішкі көшіп-қонушылар легін кейіннен саралай отырып, өңірлік квоталар белгіленетін болады.

2-міндет. Әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ету

Әлеуметтік қамсыздандыру саласы елдің Әлеуметтік кодексімен реттелетін болады.

Экономиканың өсуіне және бюджеттік мүмкіндіктерге байланысты ең төмен әлеуметтік стандарттар кезең-кезеңімен халықаралық баламаларға жақындайды.

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы мен құрылымы мемлекеттен төленетін барлық базалық әлеуметтік төлемдерді есептеудің негізі ретінде тұтыну себетінің нақты құнын көрсете отырып, халық үшін, оның ішінде базалық зейнетақы мен базалық жәрдемақы алушылар үшін қолайлы өмір сүру деңгейіне кепілдік бере отырып, тұрақты негізде қайта қаралатын болады.

Кәсіби тәуекелдерді бағалау және басқару әдістемесі енгізілетін болады. Тәуекелдерді бағалау әрбір нақты жұмыс орнындағы өндірістік факторлардың зиянды әсерін анықтауға және жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың туындау тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді.

Еңбекті қорғау саласындағы кадрларды дамытуға оқытудың жаңа түрлері мен тәсілдерін (өзекті бағдарламалар, қашықтықтан оқыту, тренажерлар және имитациялық модельдер) енгізу есебінен қол жеткізілетін болады.

Зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіліп, ол жүйенің барынша тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Зейнетақы жүйесі өз салымшыларының мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады болады, оның ішінде жинақтардың бір бөлігін тұрғын үй сатып алуға, емделуге немесе қаржы компанияларының басқаруына беруге пайдалануға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй мәселелерін дербес шешу үшін кірістері жеткіліксіз азаматтарға: 2-10-20, 5-10-20 бағдарламасы бойынша, өңірлерде жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзделген қаражаттың бір бөлігін қайта бағдарлай отырып (кемінде 100 мың отбасын қамти отырып), "Отбасы банкі" арқылы жалдау ақысын субсидиялау тетіктерін енгізу арқылы тиімді әлеуметтік қолдау көрсетілетін болады.

Еңбек шарттары жасалған жұмыскерлер үшін ауылда жалға берілетін үйлер салу кезінде жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау көзделді.

Әлеуметтік сақтандыру нәтижелі және формальды жұмыспен қамтуды ынталандыруға бағытталады. Бұл әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда жұмыс істеуші мен оның отбасында бірнеше төлем көздерінің болуы арқасында қамтамасыз етілетін болады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесінде қатысу өтілі мен төлемдер мөлшері арасындағы өзара байланыс күшейтіледі: кірістерді ауыстыру

коэффициенттері (жұмысынан айырылу, асыраушысынан айырылу, еңбекке қабілеттілігінен айырылу) ұлғайтылады, төлемдердің ұзақтығы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ) елдерінің деңгейіне (жұмысынан айырылу) дейін кезең-кезеңімен ұлғайтылады.

Әлеуметтік төлемдерді цифрландыру шеңберінде азаматтың цифрлық "әлеуметтік эмияны" енгізіледі.

Қызметтер көрсетуде өтінім беру тәсілінен проактивті тәсілге көшу арқылы атаулылықты күшейтуге қол жеткізілетін болады. Мемлекеттік органдар ақпараттық жүйелер арқылы аз қамтылған азаматтарды айқындай отырып, ауылдық жерлерге баса назар аудару арқылы халықтың мұқтаж санаттарын дербес анықтайтын болады.

Аутсорсинг шеңберінде жеке және азаматтық сектор ұйымдары мұқтаж адамдардың әлеуметтік тіркелімін қалыптастыра отырып, нысаналы контингентті айқындайтын болады, оның негізінде көрсетілетін қызметтерге және қаржыландыру көлеміне қажеттілік айқындалады.

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мұқтаж адамның жұмыспен қамтылмаған отбасы мүшелерін тарту және қонақ ететін отбасылардағы патронаттық күтім; әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, қалалар мен ауылдарда мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі —МЖӘ) қағидаттары негізінде құрылатын шағын көпбейінді үйлер, сондай-ақ шалғай ауылдардағы "мобильді қызметтер" негізінде жеке сектор; мемлекеттік мамандандырылған интернат-үйлер есебінен күшейтілетін болады.

Жеке сектордың сапасын және тартылуын күшейтуге көрсетілетін қызметтердің жаңартылған стандарттары мен экономикалық тұрғыдан ақталған тартымды тарифтер қызмет ететін болады. Стандарттарға көрсетілетін қызметтерді ұсынудың көлемі, мерзімдері мен шарттары, олардың жан басына шаққандағы норматив негізіндегі құны, сапа индикаторлары мен ұсынылатын қызметтер нәтижелерін бағалау кіреді.

Көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру әлеуметтік қызметтердің мүмкіндіктеріне емес, мұқтаж адамдардың жеке қажеттіліктеріне қарай жүзеге асырылатын болады.

2-жалпыұлттық басымдық. Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі

Басымдықтың мәні: адамдардың денсаулығын жақсартуға, қолдауға және қалпына келтіруге, сондай-ақ қазіргі және болашақ ұрпақтың әл-ауқатына ықпал ететін орнықты денсаулық сақтау жүйесінің тұжырымдамасын дамыту.

2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер:

дәстүрлі денсаулық сақтау жүйесінен - азаматтар денсаулығының көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған пациент-бағдарлы медицинаға;

қалалық және ауылдық елді мекендер арасындағы медициналық қызмет көрсету сапасындағы теңсіздіктен - барлық жерде сапалы медициналық қызмет көрсетуге көшу.

1-міндет. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Халықтың денсаулық мәселелері бойынша сауатын арттыру және салауатты әдеттерді қалыптастыру мемлекеттің орнықты дамуының маңызды шарттарының бірі болады.

Жастардың репродуктивті денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше назар аударылатын болады.

Үздік халықаралық практиканы ескере отырып, аурулардың алдын алуды, көмек көрсетуді және толыққанды оңалтуды қоса алғанда, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту жөнінде шаралар қабылданады.

Барлық мектепке дейінгі, мектеп мекемелерінде, колледждер мен жоғары оқу орындарында спортпен айналысу үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалады.

Халықтың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру үшін әлеуметтік маңызы бар негізгі инфекциялық емес аурулардың алдын алу және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шаралар іске асырылады.

Салауатты өмір салтын ұстану қағидаттары (дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану мүмкіндіктері және басқалары) әлеуметтік желілерде, мобильді қосымшаларда және басқа платформаларда кеңінен таратылып, ілгерілетілетін болады.

Халықты дене шынықтыру-спорттық тәрбиелеудің жалпыұлттық жүйесі жасалады, оның шеңберінде азаматтардың жеке ерекшеліктеріне қарай өндірістік гимнастиканы қоса алғанда, қозғалыс белсенділігінің көлемі бойынша ұсынымдар әзірленеді және енгізіледі.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің қолжетімділігі артады, олар халықтың тығыздығы, көлікке қолжетімділігі және спорттың дамып келе жатқан түрлері ескеріліп орналастырылады.

Барлық жастағы азаматтарды тарта отырып, түрлі спорт секциялары, бұқаралық жарыстар белсенді дамиды.

2-міндет. Медициналық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру

Халықты сапалы медициналық көрсетілетін қызметтермен кеңінен қамту денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру көлемін барлық көздерден ЖІӨ-нің 5 %-ына дейін ұлғайту есебінен қамтамасыз етіледі.

Денсаулық сақтау қаржыландыру көздерін әртараптандыру мен ұлғайту тарифтік және келісімшарттық саясатты жетілдіру, жеке инвестициялар мен МЖӘ тартуды ынталандыру, жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін дамыту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Медицина қызметкерлерінің барабар жалақысын, құрал-жабдықтың тозуын, дамуға аударымдарды және басқаларды қамтитын, медициналық қызметтерді жұмсалатын өтеуге арналған тарифтер қайта қаралатын болады.

Денсаулық сақтауды қаржыландырудың басым бағыттарының қатарына педиатриялық көмекті нығайту, ғылым мен медициналық білім беруді дамыту, инновациялық технологияларды енгізу және медициналық ұйымдарды салуға, оның ішінде МЖӘ тетіктері бойынша салуға жұмсалатын инвестициялық шығындарды өтеу кіреді.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) едәуір мобильді және халықтың қалың көпшілігіне, оның ішінде ауыл тұрғындарына қолжетімді болады.

Шалғай өңірлер үшін көлік медицинасы жұмыс істейтін болады. Тірек және серіктес ауылдық елді мекендер фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз етіледі. Ауылдық медициналық ұйымдар заманауи жабдықтармен 100% жарақтандырылады.

"Негізгі ауруханалар-2025" жобасы шеңберінде облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада МЖӘ схемасы бойынша заманауи 20 медициналық орталық және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында 2 ғылыми-инновациялық көпбейінді клиника салынады.

Тозған, ескірген шағын және аясы тар стационарларды жаңа объектілер мемлекеттік сектордың саладағы үлесін арттырмай алмастырады. Бұл бүкіл ел бойынша денсаулық сақтаудың басты инфрақұрылымын жаңартады, өңірлерде жаңа медициналық технологияларды енгізуге мүмкіндік береді, пациенттердің шетелге кетуін азайтады және шетелдік азаматтарды тартады. Құрылатын желі ғылымның, білімнің және клиникалық қызметтің үштұғырлылығы үшін медициналық жоғары оқу орындарының клиникалық базасы болады.

Мемлекеттік медициналық ұйымдарды қажетті жабдықпен толық жарақтандыру, облыс орталықтарының ірі көпбейінді ауруханаларының негізгі төсек қорын 50 %-ға жаңарту және ескірген инфрақұрылымды ауыстыру пациентке, оның ішінде инфекциялық және инфекциялық емес аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуге жоғары әзірлікті қамтамасыз етеді.

Ауруларды басқару бағдарламасымен (бұдан әрі - АББ) халықты қамтуды және аурулар тізбесін кеңейту пациенттерді тартуға және олардың өз аурулары, денсаулықты сақтау тәсілдері туралы білімін арттыруға мүмкіндік береді. Оны іске асыру инфекциялық емес аурулары бар адамдардың өмір сүру сапасын арттырады және жоғары шығынды шұғыл және стационарлық медициналық көмек көрсетуді бақылауға мүмкіндік береді.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде жаңа вакциналарды енгізе отырып, халықты қауіпсіз және тиімді вакцинациялаумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жалғастырылатын болады.

Озық халықаралық тәжірибе негізінде онкологиялық ауруларды тиімділігі жоғары ерте диагностикалау және емдеу қамтамасыз етіледі.

Динамикалық байқауға байланысты тиімділікті арттыру және шығындарды азайту үшін созылмалы ауруларды басқару қашықтықтан диагностикалау және амбулаториялық емдеуге көшу арқылы жүзеге асырылады.

Медициналық көмекті сыртқы және ішкі клиникалық алқалық бағалау жүргізілетін болады, ал бейінді клиникалық қызметтердің үйлестіру кеңестерінің жұмысы дәлелді медицинаға негізделетін болады.

Нәресте өлімін және мүгедектікті азайту мақсатында жүктіліктің ерте мерзімдерінде де, неонаталдық кезеңде де генетикалық патологияларды анықтау бойынша диагностикалық рәсімдер кешені кеңейтіледі.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі - МӘМС) жүйесі азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, халықтың денсаулығын қорғау үшін ортақ жауапкершілікті қамтамасыз ету және әлеуметтік тәуекелдерді барынша азайту қағидаттарын сақтай отырып іске асырылатын болады.

3-міндет. Кадрлық әлеуетті және ғылыми медицинаны дамыту

Медицина кадрларын жоспарлау және болжау үшін өңірлер, ұйымдар мен мамандықтар бөлінісінде денсаулық сақтаудың кадр ресурстарын есепке алудың ұлттық жүйесі құрылады.

Медициналық ұйымдар мен медициналық білім беру ұйымдары жұмыскерлерінің мәртебесін арттыруға әлеуметтік кепілдіктерді кеңейту және ынталандыру тетіктерін жетілдіру, төтенше жағдайлар кезеңінде және одан кейін денсаулық сақтау жұмыскерлерін қалпына келтіру бағдарламасын іске асыру есебінен қол жеткізілетін болады.

Тұтас алғанда, медицина қызметкерлерін заңдық және қаржылық қорғау жүйесі жасалатын болады.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемінің ұлғаюы мен МӘМС жүйесінің дамуы есебінен дәрігерлердің жалақысы 2,5 есе көбейеді.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемін ұлғайту және МӘМС жүйесін дамыту есебінен дәрігерлердің жалақысы кемінде 561 мың теңгені, ал орта медицина персоналының жалақысы 210 мың теңгені құрай отырып, 2,5 есеге ұлғаяды.

Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу әзірлемелерін іске асыру үшін әкімшілік кедергілерді азайту ғылыми әлеуетті, оның ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында әлеуетті дамытуды ынталандырады.

Сұранысқа ие медициналық мамандықтар мамандарын кәсіби даярлау, сондай-ақ үздіксіз кәсіби дамудың тиімді жүйесін енгізу негізінде салада жұмыс істейтін мамандардың құзыреттерін дамыту жетілдірілетін болады.

Практикалық денсаулық сақтау кадрларына қажеттілік жойылады және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, сондай-ақ өңірлер деңгейінде сұранысқа ие медициналық мамандықтар мамандарын даярлауға мемлекеттік тапсырыс ұлғая.

Цифрлық медицина мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу елде дербестендірілген медицинаны (4Д-медицина) іске асыру үшін жағдай жасайды.

Дербестендірілген медицина клиникаға дейінгі кезеңде аурудың ағымын анықтауға және болжауға, алдын алу іс-шараларын орындауға мүмкіндік береді, сол арқылы алдын алуға болатын ауруларды емдеуге және оңалтуға жұмсалатын шығындарды азайтады.

4Д-медицинаны іске асыруда негізгі рөлді генетикалық зертханалар мен биобанктер, медициналық ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллект атқарады. Үлкен деректер базасы бар дербестендірілген медицина саласында клиникалық зерттеулер жүргізу үшін биобанк құрылады.

Медицина ғылымы ұлттық денсаулық сақтау жүйесін халықтың барлық осал топтары үшін аурулардың алдын алуға, жинақтаушы технологиялармен денсаулықты сақтауға арналған тиімді әзірлемелермен және шешімдермен қамтамасыз етуге бағытталады.

Отандық фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жүйесі қалыптастырылады, оның шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың отандық нарыққа қолжетімділігін жақсарту үшін ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде мемлекеттік тіркеу, сатып алу, қауіпсіздік пен сапаны бағалау (сертификаттау), патенттік қорғау, тізімдерді қалыптастыру және ұзақ мерзімді шарттар жасасу бойынша қолданыстағы рәсімдер жеңілдетіледі. Бұл 2025 жылға қарай отандық фармацевтикалық өндіріс үлесін құндық көлемнен 50 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Медициналық туризмді дамыту шеңберінде елдің медициналық және санаторий-курорттық ұйымдарында медициналық қызметтер алу үшін шетелдік азаматтарды тарту инвестициялардың ағынына, Қазақстанның әлемдік нарықта танылуына, денсаулық сақтау жүйесінде жеке сектордың дамуына ықпал ететін болады.

4-міндет. Денсаулық сақтаудың бірыңғай цифрлық кеңістігін құру

Денсаулық сақтау жүйесінің қолжетімділігін, сапасы мен тиімділігін арттыру, аурулардың алдын алу, қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту Деректер мен процестерді цифрландырудың кешенді жүйесіне негізделетін болады.

Кешенді цифрлық деректер клиникалық және басқарушылық шешімдерді интеграцияланған қолдаудың, медициналық көмектің, ғылыми зерттеулердің сапасы мен тиімділігін бағалаудың негізгі көзіне айналады. Қолданыстағы деректерді жинау инфрақұрылымы оларды алмасу және өңдеу құралдарымен толықтырылады.

Медицина жұмыскерлері мен пациенттер медициналық көмек көрсету орнына қарамастан, денсаулық туралы қажетті деректерге қорғалған және қауіпсіз қолжетімділік ала алады.

Қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтерді, денсаулық сақтауда роботтандырылған әдістер мен жасанды интеллектті енгізу, мобильдік цифрлық қосымшаларды пайдалану бойынша жобаларға қолдау көрсетіледі.

Қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер денсаулық сақтау жүйесінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруды қамтамасыз ете отырып, медициналық көмек көрсетудің дағдылы процестеріне интеграцияланатын болады.

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың ақпараттық жүйесін және кәсіпорынның электрондық санитариялық паспортын әзірлеу мен енгізу санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттарын цифрландыруға, жосықсыз кәсіпорындарды айқындай отырып, субъектілердің санитариялық талаптарды орындауына мониторинг жүргізуге, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге және басқарушылық шешімдер жедел қабылдауды жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Ұлттық электрондық денсаулық паспорттары және "медициналық мекемелердің электрондық паспорттары" жасалады, рецептілерді электрондық форматқа ауыстыру, қашықтықтан медициналық қызметтерді енгізу жөніндегі кешенді шаралар, дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдардың деректер базасы іске асырылады. Халықтың деректерін қорғау дербес медициналық деректерге қолжетімділікті шектеу арқылы жүзеге асырылады

Тұтас алғанда, саланы цифрландыру анық медициналық статистиканы қалыптастыруға ықпал ететін болады.

3-жалпыұлттық басымдық. Сапалы білім

Басымдықтың мәні: ел дамуының жаңа бағытын іске асыру үшін адам капиталын дамыту.

2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер:

тұрғылықты жеріне және әлеуметтік мәртебесіне байланысты білім беру сапасындағы алшақтықтан - сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіруге;

сапалы білім беру инфрақұрылымының тапшылығынан - қазіргі заманғы санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарактандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен толық қамтамасыз етуге;

педагог кадрлардың тапшылығынан - педагогтің орнына бәсекелестікке;

дәстүрлі оқыту бағдарламаларынан - білім алушыларды болашаққа дайындау, өмір бойы дағдылар мен құзыреттерді тұрақты жетілдіру ынтасына;

ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың жеткіліксіздігінен әлемдік ғылыми кеңістікке шыға отырып, отандық ғылымның прогрессивті технологиялық шешімдерін өндірістік және өнеркәсіптік секторға енгізуге;

сапалы ғылыми инфрақұрылымның тапшылығынан үздік әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жабдықтармен жарактандырылған объектілермен толық қамтамасыз етуге;

ғылымды толық мемлекеттік қаржыландырудан ғылымға жеке инвестициялардың үлесін ұлғайтуға көшу.

1-міндет. Білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу үлкен маңызға ие болады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі көп жағдайда оқушылардың кейінгі нәтижелерін айқындайды. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде балаларды әлеуетті 100 % қамту есебінен орындардың нақты қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды дербес мектепке дейінгі тәрбиелеу қызметтеріне қол жеткізу, үйдегі тәрбиешілер институтының тәжірибесін қолдану ("әлеуметтік бала күтуші") қамтамасыз етіледі.

Барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалады.

Оқытудың дәстүрлі нысаны негізгі нысан болып табылады, бұл ретте жеке тәртіп бойынша қашықтықтан оқытуға рұқсат етіледі.

Білім берудің барлық деңгейлерін дамытудың міндеттері қолжетімді "Өмір бойы оқыту" моделін сапалы іске асыру болады.

ТЖКБ жүйесі кепілдендірілген бірінші кәсіп дағдыларын алу, ішкі көшіп-қонушыларды қала экономикасына бейімдеу, сондай-ақ сектораралық ағындар кезінде жаңа талаптарға жұмыс күшін бейімдеу жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталатын болады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде тегін кәсіби білім алуға тілек білдірушілердің барлығы толық қамтылатын болады.

Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілерде сұранысқа ие сапалы кәсіби және әлеуметтік дағдыларды ұсынуға бағытталатын болады.

Кірісі төмен отбасылардан шыққан азаматтар мен жастардың әлеуметтік осал санаттарын қолдау үшін жоғары білімге ақы төлеуге жеңілдікпен кредит беру қолданылады.

Бейресми білім берудің баламалы нұсқалары, дербес оқыту нәтижелерін тану, кәсіби дағдыларды сертификаттау енгізіледі.

"Күміс университеттер" және "Stackable degree" (үлғайтылатын дәрежелер) кеңінен дамытылады, бұл халыққа сертификатталған курстардан ыңғайлы қарқынмен өтуге мүмкіндік береді.

2-міндет. Оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау

2025 жылға дейін 800 жаңа мектеп салынады. Бұл апатты жағдайдағы және үш ауысымдағы мектептер проблемасын, контингенттің өсуі ескеріліп оқушы орындарының тапшылығын шешуге мүмкіндік береді.

Мектептерді салу, реконструкциялау және реновациялау қазіргі заманғы санитариялық нормаларды, қауіпсіздік стандарттарын, жарактандыруды және эргономиканы ескере отырып жүзеге асырылады.

Таңдау бойынша мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу үшін қаржыландырудың ваучерлік тетігін енгізуді қоса алғанда, балабақшалар құрылысына жеке бизнесті тарту үшін қолдаудың жаңа нысандары әзірленеді.

Қала құрылысы қағидаларына, бас жоспарлар мен елді мекендерді егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарларына білім беру объектілерін орналастыруға басымдық беретін өзгерістер енгізіледі.

Негізгі нысаналы көрсеткіш 2030 жылға қарай бір ауысымдық оқытуға көшу болады.

Әрбір өңірдегі білім беру мекемелері желісінің кеңістіктегі ұтымдылығы мен тиімділігі арттырылатын болады.

Демографиялық толқынның одан әрі төмендеуін ескере отырып, мектептер тірек ауылдық елді мекендер мен аудан орталықтарындағы негізгі қоғамдық аймақтар ретінде жобаланатын болады.

Тірек ауылдар мен аудан орталықтарында шағын ауылдардың балаларын интернаттарда немесе патронат отбасыларда тұру үшін орындармен 100 % қамту қамтамасыз етіледі.

Барлық мектеп ғимараттары санитарлық тораптармен, компьютерлермен (1:5 есебінен) жабдыкталады, Интернетке қол жеткізу жылдамдығы 50 МГб/сек төмен емес және лимиттелмеген трафикпен қосылады. Барлық мектептерде қазақстандық өндіріс жабдықтарын қолдана отырып, оқу сымсыз желілері өрістетілетін болады.

Бірыңғай интеграцияланған білім беру онлайн-платформасы жобасы іске қосылады.

Цифрлық білім беру ортасы дәстүрлі баламасына қарамастан, қажет болған жағдайда оны толықтыра отырып, мұғалім мен оқушылар арасындағы коммуникацияның және қайтымды байланыстың жаңа арналарына қолжетімділікті аша отырып, жұмыс істейтін болады.

Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім берудің интеграцияланған бағдарламаларын іске асыратын цифрлық үздіксіз білім беру институттары құрылатын болады.

Цифрлық құзыреттер барлық кәсіби стандарттардың міндетті элементі болады. Өз кезегінде цифрлық құзыреттер қазақстандық цифрлық сауаттылық сертификатымен расталатын болады. Ол үшін барлық облыс орталықтарында халықаралық білім беру стандартына сәйкес келетін аккредиттелген тест орталықтары жұмыс істейтін болады.

Білім берудің барлық деңгейлерінде ұлттық стандарттар мен сертификаттауға, жұмсақ дағдыларды ("soft skills") дамытуға байланысты мемлекеттік және орыс тілдерінде халықтың барлық санаттары үшін оқыту ресурстары мен бағдарламаларының барынша көп санына стационарлық және мобильді құрылғылардан қол жеткізу қамтамасыз етілетін болады.

Жоғары оқу орындарының экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында елде шетелдік кампустарды ашу үшін жағдайлар жасалатын болады.

Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 2 озық өңірлік жоғары оқу орны ашылатын болады.

20 университеттің базасында тиісті қаржыландыруды бөле отырып, Академиялық артықшылық орталықтары құрылады және жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу институттары қайта жүктелетін болады. Бұл жоғары оқу орындарының зертханалық базасын жаңартуға, шетелдік топ-менеджерлерді, ғалымдарды және т. б. тартуға мүмкіндік береді.

3-міндет. Білім беру сапасын арттыру

Оқытудың инновациялық бағдарламалары мен ойын нысандарының болуы мектепке дейінгі мекемелердің жұмыс істеуінің міндетті шарты болады. Жаңа бағдарламалар баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту кезінде бастауыш біліммен бірдей тәсілдер мен ұғымдар (құндылықтар, дағдылар, білім беру салалары, меңгеру дәрежесі) пайдаланылатын болады. Білім беру мазмұнына барлық жас топтары мен сыныптарда мазмұнды біріктіру тәсілі ретінде "өтпелі тақырыптар" енгізіледі.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу сапасына мониторинг енгізілетін болады. Жұмыс істеу құқығы мектепке дейінгі қызметтердің сапасын жетілдіретін және жақсартатын мектепке дейінгі ұйымдарға беріледі.

Сапаны арттыру, сондай-ақ толыққанды дамытушы және қауіпсіз орта құру, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайларын қамтамасыз ету, нормалар мен қағидаларды сақтау, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, педагог жұмыскерлердің білім беру цензі және штаттарды жасақтау үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын кезең-кезеңімен лицензиялау енгізілетін болады.

Бұл ретте барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды қайта бастауды ескере отырып, білім беру қызметін

лицензиялау тәсілдері қайта қаралуға тиіс.

Мектептегі білім беру бағдарламаларына оқушылардың эмоционалды, физикалық және психикалық әл-ауқатының негізі болатын тұрақты даму, шығармашылық сана, салауатты психоэмоционалды даму компоненттері енгізіледі.

Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін "өтпелі тақырыптардың" болуы маңызды болады.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбие, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі білім деңгейі және экологиялық құндылықтарды сіңіру артады.

Оқушылар мен студенттерді экологиялық тәрбиелеу, олардың қоршаған ортаны қорғау туралы білім-білігі деңгейін көтеру және экологиялық құндылықтарды бойына сіңіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

ТЖКБ жүйесінде ТЖКБ ұйымдарының тиімді басшыларын анықтауға және олардың көшбасшылық қабілетін дамытуға бағытталған "ТЖКБ көшбасшылары" ("Corpus of TVET leaders") жобасы іске қосылады.

Жұмыс берушілердің қызметкерлерге қоятын талаптары көрсетілген кәсіптік стандарттарды әзірлеу бойынша жұмыс жалғастырылады. Берілген кәсіптік стандарттарды негізге ала отырып, ТжКБ жүйесінде, сол сияқты жоғары білім беру жүйесінде білім беру бағдарламалары қайта қаралатын, әзірленетін және бейімделетін болады.

ЖОО мен колледждердің барлық бағдарламалары кәсіби стандарттарды ескере отырып жаңартылатын болады.

ТжКБ ұйымдарына еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұраныстарына икемді ден қою үшін ұстауда академиялық еркіндік берілетін болады. Колледждерде кәсіптік білім беру мен оқыту үшін еуропалық кредиттік технология бейімделетін болады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді және ұқсас біліктіліктер бойынша білім берудің келесі деңгейінде оқыту нәтижелері мен кредиттерді қайта сынақтан өткізеді.

"Жас маман" жобасы шеңберінде жарактандырылған колледждер базасында кадрларды озық даярлау үшін құзырет орталықтары құрылады.

"Студентке ақша" қағидаты бойынша колледждерге қабылдаудың жаңа форматы енгізіледі. Нәтижесінде колледждердің арасында ашықтық және бәсекеге қабілеттілік қамтамасыз етіледі.

Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту жалғастырылады. Оның стратегиялық бағыты мемлекеттік реттеуден академиялық еркіндік пен адалдық (academic freedom and integrity), жоғары оқу орындарының білім сапасы үшін жауапкершілігі қағидаттарына негізделген өзін-өзі реттейтін ортаны дамытуға дейін басталған түрлендіруді жалғастыруға шоғырландырылатын болады.

Дарынды жастардың кетуін болдырмау үшін жоғары оқу орындарының зерттеу экожүйесін қалыптастыру және ғылыми әлеуетін арттыру қамтамасыз етіледі.

ЖОО smart-университеттерді қалыптастыруға және білім беретін цифрлық экожүйені құруға ұмтылатын болады.

Білім беру қызметтері нарығында тек сапалы білім беретін және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жоғары оқу орындары ғана қалады.

Жоғары оқу орындары нақты сектор компанияларымен әріптестікте ұсынатын, ұлттық біліктілік жүйесі, оның ішінде әлемдік практикада қабылданған "Nanodegree" ("Нанодәреже"), әсіресе IT-сектор танылатын сертификаттау курстарының тізілімі кеңейтілетін болады.

Мамандардың біліктілігін бағалау және сертификаттау үшін заңнамалық негіз, сондай-ақ Ұлттық біліктілік органы құрылатын болады.

Кәсіби құзыреттердің модельдері мен кәсіби құзыреттерді бағалау тетігі әзірленетін болады.

Педагог кадрлардың тапшылығы жойылып, кәсіби құрамы жақсарады. Педагогтердің жалақысы 2 есеге артады.

Педагог атағына құқық ұлттық біліктілік тестілерінің нәтижелері бойынша берілетін болады, ал аттестаттау жүйесі оқытудың нақты нәтижелеріне бағдарланады.

Білім беру жүйесіне педагогикалық жоғары оқу орындары жанынан қайта даярлаудан өтетін магистр және PhD дәрежелері бар мамандар тартылады.

Информатика мен физиканың ауыл мұғалімдеріне, сондай-ақ робототехника мен бағдарламалау бойынша аудандық конкурстардың, жарыстардың және турнирлердің жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге ерекше назар аударылады, олар үшін жалақыға қосымша үстеме жүйелерден басқа, ынталандыру шаралары да әзірленетін болады.

4-міндет. Білім беруді басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыру

Негізгі реттеу талапкердің немесе студенттің нәтижелеріне, оның әлеуметтік мәртебесіне және жоғары оқу орнының өзінің танылған мәртебесіне байланысты білім беру гранттары жүйесін орнату арқылы жүргізіледі.

Жоғары оқу орындарын бақылау тетіктері күшейтіледі.

Білім беруге инвестициялар, оның ішінде жеке инвестицияларды тарту және МЖӘ дамыту есебінен ұлғайтылатын болады.

Жеке инвесторларды тарту үшін білім беруге инвестициялар үшін ынталандырулар жасалады, жан басына шаққандағы қаржыландыру құралдарын кеңейту қамтамасыз етіледі, нормативтік-құқықтық база жетілдіріледі және білім беру мекемелерінің эндаумент-қорларын құру практикасы кеңейтіледі.

Балаларға қосымша білім беру аясында білім беру ұйымдарында, оның ішінде жеке меншік ұйымдарда сұранысқа ие бағыттар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын болады.

Заңнамалық деңгейде сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік жоғары оқу орындарын және Оқушылар сарайын жеке секторға беруді болдырмайтын шектеулер белгіленеді.

5-міндет. Цифрлық экономика үшін адам капиталын дамыту

Білім берудің барлық кезеңдерінде - бастауыштан бастап кәсіби деңгейге дейін - базалық және практикалық цифрлық дағдыларға дейінгі оқыту процесі ұйымдастырылады.

Бүгінгі таңдағы аса маңызды міндеттердің бірі жасанды интеллект, Big data (үлкен деректер), виртуалды болмыс, заттар интернеті саласында білімі бар экономиканың нақты салалары үшін АКТ саласындағы мамандарды даярлау болып табылады.

4.0 Индустрия қажеттіліктері үшін өзекті және қолданылатын құзыреттер мен дағдыларды дамыту, ашық экономиканың жаңа сын-қатерлеріне дайын болу қажет.

Бүгінде аясы тар бағыттағы маман болу жеткіліксіз. Медицина, құрылыс, білім беру және басқа да салалар технологиялар есебінен түбегейлі өзгеруде. Технологиялық және IT-дағдылар барлық мамандықтар үшін базалық курс болады.

Цифрлық экономиканың мұқтаждықтары үшін мамандарды барынша көп дайындау бағдарламалаудың инновациялық мектептерін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Халықаралық IT-университеттер мен жеке инновациялық бағдарламалау мектептерінің тәжірибесі бойынша белсенді оқыту әдістемесі базасында рөлдік модельдеу, тең құқықты андрогогика, жобалық басқару қағидаттары қолданылатын болады.

Таланттарды анықтау, тәрбиелеу, тарту және олардың тұрақтауы және ғылыми, инженерлік және кәсіпкерлік кадрлардың кәсіби өсуі үшін жағдайлар жасау жалғастырылады.

2021 жылдан бастап АКТ саласындағы білім беру мәселелерін өзектілендіру және лицензиялау, кәсіби сертификаттарды заңдастыру мәселелерін жүйелеу үшін білім беру IT-альянсы құрылатын болады.

Бағдарламалық әзірлемелер саласында 1000 маманға дейін шығару бойынша бастамаларды кеңінен тарату ұлғаяды.

Инновациялық мәдениетті танымал ету, ғылыми-техникалық қызметке ынталандыру, дамуға, табысқа, бәсекеге қабілеттілікке және жасампаздыққа бағдарланған креативті ұрпақты технологиялық кәсіпкерліктің инновациялық ойлауымен және дағдыларымен тәрбиелеу жаңа білімді, жобаларды, өндірістерді, бизнес-модельдерді генерациялау есебінен экономиканың бәсекеге қабілеттілігін әртараптандыру және арттыру үшін аса маңызды.

Инновациялық экожүйені кәсібилендіру үшін қажетті жаңа қызмет түрлері (технологиялық, кәсіпкерлер, брокерлер, менторлар, венчурлік кәсіпкерлер және басқалар) үшін құзыреттерді дамыту үшін жәрдем көрсетілетін болады.

Бұл жаңа жобалар, инновациялар, бизнес-модельдер ағынын генерациялауға қабілетті экожүйенің дамуына серпін береді.

6-міндет. Қазақстандық ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін ұлғайту

Қолданыстағы ғылыми зерттеулер жүйесі технологиялық жаңғыртуды белсенді қолдауға қайта бағдарланатын болады. Елдің ғылыми-технологиялық дамуы жөніндегі бағдарламалық құжат әзірленеді, оның бірінші кезектегі міндеті ғылымды дамытудың басым бағыттарын, ұлттық дамудың қолданбалы проблемаларын және т. б. айқындау мәселелерін шешу болады.

Гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың мамандандырылған басымдықтарына медициналық-биологиялық зерттеулер, агроөнеркәсіптік ғылым, "жасыл" технологиялар, жасанды интеллект, энергия тиімділігі және т. б. енгізіледі.

Шетелдік жетекші ғылыми орталықтар мен университеттерде жұмыс істейтін отандастарды тарту үшін арнайы бағдарлама әзірленеді.

Қазақстандық ғалымдардың Қазақстан үшін маңызды халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысу пайызы өседі.

Қазақстандық ғылымның әлемдік ғылыми қоғамдастыққа кірігуін тереңдету үшін ғалымдарды ағылшын тіліне оқыту жалғастырылады.

Ғалымдардың жалақысын арттыру мақсатында зерттеу тобының немесе құрылымдық бөлімшенің құрамында ғалымның жеке жетістіктері мен оның ұжымдық жетістіктеріне байланысты жалақыға үстемеақылар жүйесі әзірленетін болады.

Жас ғалымдарды қолдау әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамалар ұйымдастыру және зерттеулерді қаржыландыруға түрлі гранттар беру арқылы жүзеге асырылады.

Ғалымдардың ғылыми тағылымдамасының санын ұлғайту ғылыми-зерттеу жұмыстарының, шет тілдерін меңгеруінің деңгейі мен сапасын, жарияланым белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді, бұл қазақстандық жұмыстардың әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануына және қазақстандық ғалымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Корпоративтік басқаруды, қаржыландырудың икемді жүйесін және басқарушылық дербестікті енгізу жалғасады.

Ғылыми әлеуетті дамыту, кадрлық резервті күшейту және көшбасшыларды дамыту, оның ішінде жас ғалымдарды қолдау арқылы дамыту сияқты үш бағыт бойынша стратегиялық HR-менеджментті енгізу жөніндегі жұмыстар кешені жүргізілетін болады.

Ірі бизнес тарапынан өңірлік университеттерге олардың ғылыми қызметі бөлігінде "камқорлық көрсету" үшін жағдайлар жасалатын болады.

Білім мен технологияларды жаңа жаһандық нарықтарға интеграциялау мақсатында бағдарламалар мен жобалар әзірленетін болады.

Ғылым және ғылыми кадрлар даярлау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды, диссертациялық кеңестердің, ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтары бар адамдардың, Қазақстан зерттеушілерінің дерекқорын, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың қажеттіліктері бойынша дерекқорды қамтитын Қазақстан ғылымының бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізіледі.

Жалпыұлттық ғылыми басымдықтарды негізге ала отырып, ҒЗТРК-на арнап жер қойнауын пайдаланушылардың іздестіру шығындарының 1%-ы көлемінде қаражатты бөрудің ашықтығы және орталықтандыру қамтамасыз етіледі.

Қолданбалы ғылыми зерттеулерді жеке қоса қаржыландыру үлесі ұлғаяды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасалады.

Ғылыми-зерттеу жобаларына және ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар беру кезінде бірлесіп қаржыландыру тетігі, кәсіпорынның технологиялық міндеттерін шешу, конструкторлық бюролардың инфрақұрылымын пайдалану мүмкіндігі, инкубациялау,

акселерациялау және басқалары арқылы өндіріспен байланыс негізгі бағдарлар ретінде қызмет ететін болады.

Жұмыс істеп тұрған ҒЗИ-ға бағалау жүргізіледі және қызметтің нақты нәтижелерін ескере отырып, қаржыландыру мен қаражатты қайта бөлудің бірыңғай тәсілі әзірленеді.

Ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы инфрақұрылымы - жетекші жоғары оқу орындары жанындағы инжинирингтік орталықтар, сондай-ақ ғылымның басты бағыттары бойынша ұлттық зерттеу орталықтарының (зертханалардың) дамыған желісі қалыптастырылатын болады.

4.0 Индустрия элементтерін дамыту, оның ішінде жасанды интеллектіні, заттар интернетін және басқа да IT-технологияларды пайдалану бойынша ынталандыру шаралары әзірленетін болады.

Ғылыми-зерттеу ұйымдары мен зерттеу жоғары оқу орындарының зертханаларын жаңарту жалғасады.

4-жалпыұлттық басымдық. Азаматтардың мүдделерін қорғайтын әділ және тиімді мемлекет

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығымен.

Басымдықтың мәні: өмірдің барлық салаларында заңның үстемдігін, жеке адам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігін қамтамасыз ететін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді іске асыруға бағытталған мемлекеттің құқықтық негіздерін жетілдіру.

Шараларды іске асыру бизнес жүргізу тәуекелдерін азайтып, халықтың өмір сүру сапасын жақсартады, азаматтар құқықтарының қорғалу деңгейін арттырады.

2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер:

полиция жұмысының күштік моделінен - қауіпсіз және құқықтық қоғам құру үшін құқық қорғау органдарының азаматтармен өзара іс-қимылының сервистік моделіне;

сенімсіздіктен, құқықтық қорғау кепілдіктеріне сенімсіздіктен - сот билігі институтына, толығымен тәуелсіз және әділ сот жүйесіне деген сенімнің жоғары деңгейіне;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы үйреншікті іс-қимылдан - қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге және халықтың сыбайлас жемқорлық пен непотизмнің кез келген түрін саналы түрде қабылдамауға;

мінез-құлық ережелерін елемеуден - мінез-құлық ережелері мен заңдар мүлтіксіз сақталатын қоғамда мәдени-этикалық, құндылықтар және дүниетанымдық көзқарастарды тәрбиелеу мен қалыптастыруға.

1-міндет. Сот жүйесіне және сот төрелігінің сапасына деген сенімді арттыру

Сот жүйесін одан әрі жетілдіру бүкіл сот жүйесінің, сол сияқты әрбір судьяның сыртқы және ішкі тәуелсіздігін дамытуға және тереңдетуге шоғырландырылатын болады.

Сыртқы тәуелсіздік сот жүйесін биліктің басқа тармақтарынан, көбінесе атқарушы тармақтардан, сот жүйесінің жұмыс істеуі мен қамтамасыз етілуінің барлық деңгейлері мен салаларында көбірек межелеу және оқшаулау арқылы дамитын болады.

Жоғарғы Сот Кеңесі мен Жоғарғы Сот сот төрелігін атқаруға жаңа кәсіби кадрларды тарту жөніндегі жұмысты жандандыратын болады.

Кандидаттарды іріктеу кезінде үміткерлердің жеке мінездемелері, этикалық өмір сүру салты, құқық салаларындағы терең кәсіби заңгерлік тәжірибесі ескерілетін болады. Судьяларды іріктеу БАҚ-та жарияланумен қатар жүретін болады.

Процестік заңнаманы одан әрі жетілдіру судьялардың тәуелсіздігін арттыру мен оларға және олар қабылдайтын шешімдерге ықпал етудің мүмкін еместігін қамтамасыз ететін болады.

Алқабиге кандидаттардың тізімдерін қалыптастыру үміткердің өзінің қатысуынсыз автоматтандырылған режимде жүзеге асырылатын болады.

Ішкі тәуелсіздік облыстық соттар төрағаларының құқықтық мәртебесін, апелляциялық және кассациялық сатылардың рөлі мен жұмыс істеу негіздерін үйлестіру, сот органдарының жұмыс істеу негіздерін және басқа да құралдарды жетілдіру арқылы дамитын болады.

Сот билігі институтының жұмыс істеуі нығайтылатын болады, сондай-ақ Big Data және "Соттың смарт талдауы" сияқты цифрлық құралдарды дамыту мен енгізу одан әрі өрістейді.

Азаматтық сот ісін жүргізуді жаңғырту сот төрелігіне қол жеткізуді одан әрі оңайлатуға және сот процесін төрешілдіктен шығаруға, апелляциялық сатының рөлін күшейтуге және судьяның қалауы бойынша өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталатын болады.

Дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазба институтын кеңейту, сотқа дейінгі дайындықты енгізу, медиация мен төрелік рәсімдерін кеңінен қолдану арқылы дамыту үшін ынталандырулар жасалатын болады. Халыққа кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегінің көлемі 2 есеге артады.

2-міндет. Құқық қорғау органдарының сервистік моделі

Көбінесе күштік құрылымды білдіретін полиция азаматтардың жеке және ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде оларға құқық қорғау қызметтерін көрсететін негізгі органға өзгертін болады.

Құқық қорғау органдарына кандидаттар мен оның қызметкерлеріне қойылатын талаптар қайта қаралатын болады.

Заманауи тәсілдер мен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, мемлекеттік әкімшілік қызметке ұқсас оқыту бағдарламасы іске қосылатын болады.

Ішкі рәсімдер, іс қағаздарын жүргізу, өтініштермен жұмыс процесі, жасанды интеллект элементтері мен озық талдамалық құралдарды пайдалана отырып барынша цифрландырылады.

Қызметтер көрсетудің инфрақұрылымы мен форматын қайта құруда клиентке бағдарланған тәсілге басымдық берілетін болады.

Жергілікті полиция қызметі учаскелік инспекторға басты рөл берілетін "қадамдық қолжетімділік полициясы" қағидаты бойынша жұмыс істейтін болады.

3-міндет. Азаматтар мен бизнестің мүдделерін қорғау

Қылмыстық саланың жаңа моделі ЭЫДҰ елдерінің қолданыстағы халықаралық стандарттары негізге алынуға тиіс: полиция - прокурор - сот.

ЭЫДҰ елдерінде қылмыстық сот ісін жүргізудің мұндай жүйесі халықтың полиция мен соттарға сенімін барынша қамтамасыз етеді.

Қылмыстық процестің негізгі үш міндетін түрлі органдар орындауы тиіс: 1) қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, қатысы бар адамдарды анықтау, дәлелдемелерді жинау және бекіту - сотқа дейінгі тергеу органдары; 2) жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз құқықтық баға беру, негізгі процестік шешімдерді қабылдау, сотта айыптау және қолдау - прокуратура; 3) жаза тағайындау, тергеу әрекеттерін санкциялау және сотқа дейінгі тергеу органдары мен прокуратураның әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау - сот.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеу органдарының, прокуратура мен соттың өкілеттіктері мен жауапкершілік аймағы нақты ажыратылатын болады. Бұл қылмыстық процестің заңды болуын қамтамасыз етеді.

Прокуратураның қадағалауы азаматтар мен бизнес жүгінетін проблемаларды тиімді шешуге, прокурордың өкілеттіктерін және шектелмеген адамдар тобының, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын тиімді қорғау жөніндегі құралдарды нақты құқықтық регламенттеуге қайта бағдарланатын болады.

Прокуратураның қызметі оның әлеуметтік-экономикалық саладағы қатысуын кеңейте отырып, заңдылықтың бұзылуының кез келген көріністеріне уақтылы ден қою үшін алдын ала қадағалауға бағытталатын болады. Әрине, бұл халықтың шағымдары үшін бірқатар алғышарттарды жояды, қоғамдағы шиеленіс пен қақтығысты жеңілдетеді.

Азаматтардың мүдделері мен құқықтарын қорғауға уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметімен ғана емес, сонымен қатар прокуратура тарапынан да кепілдік берілетін болады.

Бизнесті күштік құрылымдардың шамадан тыс араласуынан заңнамалық түрде қорғау қажет.

Мемлекеттік органдардың заңды қызметіне құқық қорғау органдарының араласуын болдырмау қажет.

Экономикалық тергеу қызметінің жұмысы негізінен "көлеңкедегі" экономикаға қарсы күреске қайта бағдарланатын болады.

Құқық қорғау органдарының адам саудасына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру практикасын жетілдіруі жалғасатын болады.

БАҚ пен әлеуметтік желілер тарапынан қылмыстық процеске қатысушыларға және сотқа қысым көрсету жағдайларына жол бермеу мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексерудің объективтілігіне және соттың заңды әрі негізді шешім қабылдауына кедергі келтірмейтіндей көлемде ғана сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жариялауға берілетін болады.

4-міндет. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қоғамдық иммунитетті арттыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қоғам мен бизнесті тарту бойынша жұмыс жалғасады.

Ақпаратқа кедергісіз қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасау барлық мемлекеттік органдар мен әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті болуға тиіс. Бұл ретте ақпаратқа қолжетімділік дербес деректердің және заңмен қорғалатын құпияның қорғалуын барынша қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығы мен транспаренттілігі, сондай-ақ ақпаратты барынша ашу мен алмасу сыбайлас жемқорлықты айтарлықтай төмендетуге ықпал етуі тиіс.

Цифрлық тетіктер бағдарламалар мен саясаттардың іске асырылуына қоғамдық мониторингті қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыруға азаматтық қоғаммен және бизнеспен бірлескен шаралар әзірлеуді жүзеге асыра отырып, белсенді түрде тартылатын болады.

Жасырын мемлекеттік қызметтер алып тасталады және электрондық форматқа көшіріледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтудың қосымша факторларының бірі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін биржалық заңнаманы дамыту болады.

Қылмыстық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғаудың кешенді жүйесі (whistleblowing), сондай-ақ ЭЫДҰ мен Еуропа Кеңесінің (ГРЕКО) ұсынымдарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша қосымша шаралар қалыптастырылатын болады.

Мемлекеттік қызметшілер шығыстарының олардың кірістеріне сәйкестігін бақылауды енгізу туралы мәселе қаралатын болады.

Сыбайлас жемқорлықты түбірімен жою факторы ретінде, оның ішінде халық пен бизнесті қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды пайдалануға ынталандыратын шаралар қабылдау есебінен қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшу маңызды шешім болады.

Қызметті алушылардың және мемлекеттік органдар мен мекемелер өкілдерінің тікелей байланысынан туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша жоя

отырып, мемлекеттік қызметтерді ұсынуды электрондық форматқа көшіру бойынша шаралар кешенін іске асыру жалғасатын болады.

5-міндет. Заңнаманы және құқық қолдануды жетілдіру

Заңнамалық базаны әзірлеуге және талқылауға қоғам мен бизнесті тарта отырып, оны оңтайлы және тиімді құру талап етіледі.

Құзыретті сараптаманы, қоғамдық талқылауды, құқық қолдану мониторингін белгілеу арқасында заң жобаларын дайындаудың процестері мен институционалдық мүмкіндіктері жақсарады.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі жаңарған, "ақылды" реттеу арқылы қайта құрылатын болады.

Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар қабылдау жалғасатын болады, оның ішінде азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөнінде заңнамалық шаралар қабылданатын болады, сондай-ақ Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға хабарламаларға қатысты қосылу туралы мәселені қарай отырып, осы салада халықаралық-құқықтық ынтымақтастық күшейтілетін болады.

Азаптауларға қарсы күрес жөніндегі ұлттық заңнама Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге қарсы халықаралық конвенцияның ережелеріне сәйкес жетілдірілетін болады.

Сот талдамасы мен сот практикасы туралы ақпарат Қазақстанның заңнамалық базасын тұрақты жетілдіру үшін белсенді пайдаланылатын болады.

Сот-сараптама қызметін халықаралық аккредиттеу стандарттары деңгейіне дейін жетілдіру жалғастырылады, сондай-ақ сот сараптамасы органдары үшін арнайы жарақтандырылған ғимараттар салу қамтамасыз етіледі.

Құқық қорғау қызметі процесінде мамандар сараптамаларының рөлін, орны мен форматын сапалы түрде қайта қарау, сондай-ақ олардың сараптамалық қорытындылармен дәлелдемелік мәнінің арақатынасын қарау талап етіледі.

Көрсетілген шаралар сот сараптамасы саласындағы монополияны жояды және басқа дамыған елдермен ұқсастық бойынша сарапшылар арасындағы бәсекелестікті арттырады.

Жүргізіліп жатқан цифрландыру қылмыстарды, әсіресе, көлеңкелі экономика саласындағы қылмыстарды анықтау бойынша ақпараттық жүйелерді дамыту қажеттігін талап етеді. Бұл қылмыстарды ашу қызметінің тиімділігіне оң әсер етеді.

Бұдан басқа, сараптамалық қызметті цифрландыру электрондық қылмыстық іс институтын дамытумен қатар осы саладағы сыбайлас жемқорлық факторын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

5-жалпыұлттық басымдық. Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі

Басымдықтың мәні: азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын жақсарту, мемлекеттік жоспарлаудың тиімділігін арттыру, мемлекеттік аппаратты оңтайландыру

және мемлекеттік қызметтің кадр құрамының сапасын арттыру, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің проактивті форматына көшу, квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыру арқылы мемлекеттік басқарудың жаңа моделіне көшу.

2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер:

іс-әрекеттерді орындау процесінің күрделілігінен мемлекеттік басқару тиімділігіне интеграцияланған тәсіл және қоғам мен бизнестің нақты сұраныстарын өлшеу негізінде нәтижелер мен сапалы өзгерістерді басқаруға;

көлемді мемлекеттік аппараттан - басқарылуы жылдам және қызметі нақты құрылған ықшам, тиімді, икемді және "адамға бағдарланған" мемлекеттік аппаратқа;

жедел басқарудан және жекелеген тапсырмалардың орындалуын шамадан тыс бақылаудан - жобалық басқаруға және стратегиялық құжаттарды іске асыруға шоғырландыруға;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы формальды тәсілден - азаматтардың сұраулары мен болашақ үміттері негізінде қызметтерді проактивті көрсетуге;

мемлекеттің экономикаға тікелей қатысуының жоғары үлесінен - жинақы және тиімді функциялы квазимемлекеттік секторға;

мемлекеттік сектордың үстем рөлінен - бәсекелес орта жасауға және экономикаға, әсіресе жоғары технологиялық өндірістерге жеке инвестицияларды тиімді тартуға.

1-міндет. Мемлекеттік басқару тиімділігіне интеграцияланған тәсіл

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі стратегиялық жоспарлауға, бюджеттеуге және бюджетті орындауға, мемлекеттік инвестицияларды басқаруға, мониторинг пен бағалауға интеграцияланған тәсілді енгізу есебінен арттырылатын болады. Бұл жеке сектор мен азаматтық қоғам үшін ұлттық және салалық деңгейлерде барынша нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі мемлекеттік басқару жүйесінің басты элементі бола отырып, барлық адами ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз ету, жекеше сектор мен қоғамды жоспарлаудың, орындаудың, бағалаудың барлық кезеңдерінде толыққанды әріптестер ретінде тарту үшін қайта қаралатын болады.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне болжамдау мен сценарийлерді әзірлеудің ғылыми әдістері енгізіледі.

Тексерілген нақты деректерді, талдауды және негізделген сенімді болжамдарды ескере отырып, мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдауды көздейтін "Data-driven government" ("Деректер негізіндегі үкімет") бастамасы іске асырылатын болады. Бұл фактілерге негізделген саясат жүргізуге (evidence-based policy making) және жаңа бастамалардың ықтимал әсерін нақты болжауға және тиісті шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдарға бюджеттік дербестік беріледі, бұл міндеттерді жедел шешуге және бюджеттік жоспарлаудың тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Бюджетті жоспарлаудың және атқарудың автоматтандырылған платформасы бюджет процесінің әрбір кезеңінде тиісті құжаттардың "Ашық бюджеттер" порталында да, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың веб-парақтарында де пайдаланушыға ыңғайлы форматта уақтылы жариялануын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік аппаратқа инновациялық жобаларды іске асыруға шоғырлануға көмектесетін "қолмен" жинау және ұзақ мерзімді бюджеттік келісу рәсімдерінен бас тарту маңызды болады.

Мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін бағалау өзгерістер теориясы негізінде бөлшектенген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге байланысты болады.

Есептілік, ашықтық және бақылау жөніндегі жаңа талаптар қоғамның мемлекетке деген сенімін арттыруға ықпал ететін болады.

2-міндет. Мемлекеттік басқарудың сервистік және "адамға бағдарланған" моделін қалыптастыру

Басты құндылықтары азаматтар мен олардың игіліктері болып табылатын мемлекеттік басқарудың сервистік және "адамға бағдарланған" моделін қалыптастыру бойынша ауқымды реформа жүргізілетін болады.

Бұл процесте мемлекеттің "функцияларын" қайта ойластыру, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы және бір деңгейдегі деңгейлес мемлекеттік органдар арасындағы өкілеттіктердің нақты институционалдық аражігін ажырату, сондай-ақ кешенді және жүйелі жұмыс маңызды болып табылады, оның нәтижесі - кертартпа рәсімдер мен тән емес функциялардан босатылған мемлекеттік аппараттың оңтайлы ұйымдастырушылық құрылымы мен штат санына, басқарушылық сатылылық пен қабылданатын шешімдердің өзгеруіне алып келеді.

Мемлекеттік аппаратты одан әрі дамыту ұтқырлықтың, алуантүрліліктің және ашық , мәдениет ынтымақтастығын көтермелейтін, сондай-ақ білімқұмар қызметшілер мен бейімді басшылардың болуын болжайтын мемлекеттік қызметтің инновациялық моделін қалыптастыруға бағыттталатын болады.

Мемлекеттік органдардың қызметі, ішкі процестер мен қабылданатын шешімдер қоғам мен бизнестің игілігі үшін нәтижелерге қол жеткізуге бағыттталатын болады.

Штат саны мен ұйымдастырушылық құрылым, мемлекеттік органдарды ұстауға және олардың тиімділігін басқару құралдарына арналған бюджеттік шығыстар мемлекеттік функциялардың оңтайландырылған жиынтығы негізінде айқындалатын болады.

Мемлекеттік саясатты іске асырумен тікелей байланысты емес мемлекеттік органдардың көмекші және жәрдемдесуші бөлімшелері оларды бәсекелес ортаға беру не оларды уәкілетті органдарда орталықтандыру арқылы оңтайландырылатын болады.

Мемлекеттік органдардың функционалы процестік тәсілді енгізе отырып сүйемелденетін болады. Бұл ревизияны, реинжинирингті, артық бизнес-процестерді

қысқартуды және толық цифрландыруға көшуді көздейді. Мемлекеттік органдардың 100% қызметі автоматтандырылып, электрондық форматқа көшіріледі.

Мемлекеттік функцияларды қысқарту мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін қайта қарауға және қызметтің тиімсіз түрлерінің азаюына әкеп соғады.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер азаматтармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға, қоғам мүдделерін ескере отырып, мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға, сондай-ақ нәтижелілікті арттыруға бағдарланатын болады. Жоспарлауды, бюджеттеуді, мемлекеттік қызметтер көрсетуді және цифрландыруды қоса алғанда, барлық негізгі процестер "функциялар - сервистер - өнімдер" формуласы бойынша өзгертін болады.

Ішкі мемлекеттік аудитті оның объектілері қызметінің ерекшеліктеріне қарай мемлекеттік органдардың дерекқорларымен, электрондық мемлекеттік аудит тәуекелдерін басқару жүйесімен кіріктіре отырып, цифрландыру қамтамасыз етілетін болады.

Мемлекеттік аппаратқа іріктеу бейіндік білімге және талдамалық ойлау, көшбасшылық, креативтілік, бастамашылық сияқты құзыреттер бойынша жүзеге асырылатын болады.

Кадрлық іс жүргізуді толық автоматтандыру қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік қызметте персоналды басқарудың барлық процестерін құру цифрлық технологияларды, ауқымды деректерді және жасанды интеллект алгоритмдерін белсенді қолдана отырып жүзеге асырылатын стратегиялық кадрлық жоспарлауға сәйкес келетін болады.

Персоналды стратегиялық басқаруға көшу мемлекеттік қызметтің ұйымдастырушылық мәдениетін, ынталылығы мен тартымдылығын өзгертуге ықпал ететін болады.

Бастамашылдық, қазіргі заманғы тәсілдерді енгізу көтермеленетін болады.

Білікті қызметкерлерді мемлекеттік қызметке тарту және ұстап қалу, сондай-ақ институционалдық жадыны сақтау мақсатында мемлекеттік аппараттағы жұмыстың тартымдылығын арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Орталық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік сектор басшыларына шешімдер қабылдау үшін көбірек өкілеттіктер мен жеткілікті ресурстар берілетін болады.

3-міндет. Ашық үкімет

Ауқымды деректерді талдау және жасанды интеллект құралдарын қолдану мемлекеттік басқарудың сервистік моделіне көшуге негіз болады. Мемлекеттік органдардың бірыңғай талдамалық ақпараттық жүйесі мәліметтердің механикалық жиналуын болдырмайды.

Азаматтар мен үкіметтің нақты уақыт режимінде екіжақты ақпараттық өзара іс-қимылын көздейтін, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есеп беруіне ықпал ететін ашық үкіметті одан әрі дамыту қамтамасыз етілетін болады.

Азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдардың пікірін ескере отырып, ыңғайлы пайдалану мақсатында "Ашық үкімет" порталының тартымдылығы артады.

Азаматтарға бағдарланған тәсіл енгізілгеннен кейін және қажетті қызметтерді алуға, ақпарат табуға, сұрау салулар беруге, кері байланыс алуға жылдам мүмкіндік берілгеннен кейін бірыңғай стандарттар, мемлекеттік органдардың ашықтық саясаты белгіленетін болады.

Бизнестің фронт-офистерінде қызметтер көрсетіледі, атап айтқанда, неғұрлым ыңғайлы интерфейстер арқылы қызметтер алу мүмкіндігімен платформалық тәсіл енгізілетін болады. Ол үшін сәйкестендіру жүйесінің, ЭЦҚ, білім базасының элементтері қолжетімді болады. Сондай-ақ қызметтер үшінші тарап қызметтерінде ұсынылатын болады. Бұл мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпараттық жүйелерін одан әрі интеграциялауды талап етеді, көрсетілетін қызметтер бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер бөлінісінде үлкен деректер қалыптастырылатын болады.

Проактивті тәсіл енгізілетін болады, оның шеңберінде қызметтер азамат өтініш бергенге дейін оның бейіні, қажеттіліктері және өмірлік сатысы негізінде көрсетіледі. Қызметтер "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі, бұл мерзімдерді қысқартады және олардың сапасын арттырады.

4-міндет. Нәтижеге және азаматтардың мүдделеріне бағдарлануды арттыру

Мемлекеттік органдардың іс-қимылдары тікелей халық пен бизнестің мүдделерін қанағаттандыруға бағдарланатын болады.

Клиентке бағдарлануды арттыру көрсетілетін қызметтер мен орындалған жұмыс бойынша тұрақты қайтымды байланыс алу есебінен жүргізіледі, бұл мемлекеттік органдарға, ең алдымен, азаматтық проблемалардың неғұрлым өзекті мәселелерін шешетін жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Бизнес пен азаматтардың "халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатына сәйкес әріптестікке бағдарлана отырып, шешімдер әзірлеуге және аса маңызды мемлекеттік құжаттарды қабылдауға қатысуы үшін мүмкіндіктер кеңейеді.

Бизнес, мемлекет және халық арасындағы өзара іс-қимыл цифрлық форматқа көшеді. Азаматтарға қызметті бір арнадан алуға және оны басқа арнада "кез келген уақытта, кез келген құрылғыдан" аяқтауға мүмкіндік беріледі.

Кейіннен процестер мен функцияларды онлайн-форматта құра отырып, олардың цифрлық реинжинирингі жүргізілетін болады. Бұл мемлекеттік қызметтер көрсетудің проактивті форматына көшу. Нақты қатысуды талап етпейтін қызметтер (құқықтарды қайта табыстау, шарттардың кейбір түрлеріне қол қою) баламасыз түрде цифрлық форматта көрсетілуге тиіс. Базалық көрсеткіш - автоматтандырылған қызметтер саны емес, шешілген өмірлік жағдайлар бойынша цифрлар.

ХҚО-ның қызметі функцияларын бәсекелі ортаға барынша бере отырып, цифрлық қызмет көрсету орталықтарына қайта форматталатын болады. Жана орталықтардың негізгі құрамдауыштары өзіне-өзі қызмет көрсету және бейнеқызмет көрсету аймақтары болады.

Мемлекеттік органдар жұмысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері аралық процесс емес, азаматтың, өңірдің, жекелеген саланың шешілген проблемалары түріндегі түпкілікті нәтиже, сондай-ақ мемлекеттік органның қызметін халықтың бағалауы болады. Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім және олардың қызметіне қанағаттану деңгейі мемлекеттік аппараттың жұмысын бағалау жүйесінің маңызды бөлігіне айналады.

Қоғамдық бақылауды дамыту мақсатында азаматтар мен мемлекеттің жауап берудің тиімділігін қадағалай отырып, өзара іс-қимыл жасау тетіктері құрылады.

Қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қызметіне қатысты барлық ақпарат ашық қолжетімділікте ұсынылатын болады.

Мемлекеттік органдардың ашық отырыстары мен кеңестерін онлайн-трансляциялауды өткізу практикасы халық пен бизнестің ақпаратқа қолжетімділігін арттырады, мәліметтер иеленушілердің жауапкершілігін кеңейтеді.

Азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастама жасауы үшін бірыңғай заңды онлайн-петиция институты, сондай-ақ өтініштерді есепке алуға арналған платформа құрылады. Мұндай тетік кез келген манипуляциядан толық қорғалған болады.

5-міндет. Квазимемлекеттік сектордың тиімділігі

Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін түбегейлі қысқартуға бағытталған квазимемлекеттік сектордың жаңа моделін құру жөніндегі дәйекті жұмыс аяқталатын болады.

Квазимемлекеттік сектордың стратегиялық жалпыұлттық міндеттерді іске асырудағы рөлі қайта қаралатын болады. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің функциялары, міндеттері бойынша аудиті және сыныптамасы жүзеге асырылады, бұл қайталануды жоюға, сондай-ақ дамыған нарықтарға мемлекеттің қатысуын қысқартуға мүмкіндік береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің кез келген нысандарын құру және тарату, оларға басым функциялар мен ережелерді беру мүмкіндігінің нақты шарттары айқындалатын болады. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін сыныптау коммерциялық не коммерциялық емес бағытына қарай ұйымды құрудың негізгі мақсатын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік кәсіпорындар неғұрлым бәсекеге қабілетті және нарыққа бағдарланған ұйымдық-құқықтық нысандарға қайта құрылатын болады. Бұл мемлекеттік кәсіпорындардың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етуге, сондай-ақ олардың болашақта жекешелендірілуіне негіз қалауға тиіс.

Экономика салалары, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметін жүзеге асыратын функциялар қысқарады. Барлық рәсімдердің толық ашықтығын қамтамасыз ете отырып, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды жекешелендіру жалғасатын болады. Олардың қатысуы қоғамдық мүддені, орындалатын міндеттер

шеңберінің ерекшелігі мен бірегейлігін қамтамасыз етуге байланысты жекешелендіруге жатпайтын аса маңызды инфрақұрылымды басқару мақсатында ғана қамтамасыз етілетін болады.

Жаңа модельдің маңызды элементі - портфельді басқару мәселесінде квазимемлекеттік сектордың тиімділігін бағалау. Тиімділік көрсеткіштері бірінші кезекте бәсекеге қабілеттілікке, рентабельділікке, қаржылық орнықтылыққа және экономиканы дамытуға бағытталатын болады.

Квазимемлекеттік ұйымдар қызметінің нәтижелерін бақылау жүйесі мен бағалау өлшемшарттары озық халықаралық практикаға сәйкес келтірілетін және түйінді стратегиялық, экономикалық және әлеуметтік-саяси көрсеткіштерге байланыстырылатын болады.

Қызметтің ашықтығы, қоғамның басқаруға қатысуы және мемлекеттік активтерді басқаратын атқарушы органдар мен квазимемлекеттік сектордың қарамағындағы мемлекеттік кәсіпорындардың тиімділігін бағалау нәтижелерінің жаппай ашықтығы квазимемлекеттік сектордың жаңа моделінің негізі болады.

Квазимемлекеттік сектор заңды түрде институционалданатын болады, бұл оның субъектілерінің нақты ұғымын айқындауға, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басқару органдары мен олардың мүшелерінің жауапкершілігін белгілеуге, корпоративтік басқару негіздерін көздеуге, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар қызметінің ашықтығы, есептілігі және мониторингі мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді.

6-жалпыұлттық басымдық. Патриотизм құндылықтарын дәріптеу

Басымдықтың мәні: қайратты және жауапты адамдардың біртұтас ұлтын қалыптастыру.

Шынайы отаншылдық азаматтың өз елінің жетістіктеріне қатысы болуына және болып жатқан процестерге нақты ықпал ете алатын фактіге, мемлекет жүргізетін саясатты олардың түсінуі мен қолдауына, өзі өмір сүретін қоғамның, ортаның жай-күйі үшін жауапкершіліктің бір бөлігін алуына негізделеді.

Саяси жүйе мен экономиканы табысты жаңғырту үшін қоғамдық сананы озыңқы жаңғырту талап етіледі, бұл қайратты және жауапты адамдардың біртұтас ұлтын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда қоғамдық-саяси процестерді демократияландыру мен саяси бастамаларды іске асыру бағытын, оның ішінде сайлау заңнамасын реформалау, ауылдық және аудандық әкімдердің тікелей сайлауын енгізу, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мен жергілікті қоғамдастықтардың шешімдер қабылдаудағы дербестігін арттыру арқылы жалғастыру маңызды.

Отаншылдықтың маңызды шарты ұлттық бірегейлікті сақтау, қоршаған әлемге жауапты қарауға, жергілікті және ұлттық деңгейлерде қоғамдық өмірге белсенді

қатысуға, қатыстылық пен бастамашылық сезімін дамытуға бағытталған әрбір азаматтың санасын жаңғырту болып табылады

Өзіндік ұлттық рәмізді жасау мен тарихи және мәдени объектілерді асқақтату барлық қазақстандықтардың ұлттық санасына біртұтас сіңіре отырып, оларды елдің бірыңғай "рухани белдеуіне" біріктіруге мүмкіндік береді

Жастардың материалдық деңгейі мен элеуметтік жағдайына қарамастан, өмір жолын таңдау, жеке табысқа қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейту арқылы олардың өзін-өзі танытуы үшін жағдайлар жасалатын болады.

Өскелең ұрпақтың тәрбие процесі өз біліміне, салауатты өмір салты мен кәсіби жетістіктеріне, өзінің жеріне, ауылына, қаласына, өңіріне, атажұртына, мәдениеті мен тіліне деген сүйіспеншілікке баса назар аудара отырып, өмірге салиқалы көзқарас сияқты элементтерді қамтитын болады.

Адалдық, мейірімділік, әділдік, өзін-өзі дамыту сияқты дәстүрлі жалпыадамзаттық құндылықтар қазақстандық жастарда басым болуы тиіс.

Волонтерлер қызметі аясында өзара көмек көрсетудің биік мәдениетін қалыптастыру және бұл процеске әрбір азаматтың кеңінен қатысуы жалпыұлттық ауқымда болуы тиіс.

Бұған оның ішінде:

азаматтар арасында қайырымдылық мәдениетінің деңгейін арттыру;

қайырымдылық ұйымдарының қызметі үшін қолдау мен ынталандырулар жасау;

қайырымдылық ұйымдарының қызметіне азаматтардың сенімін арттыру үшін олардың есептілігі мен ашықтығын стандарттау да ықпал ететін болады.

Азаматтардың экологиялық мәдениетін дамыту табиғатқа аялы көзқарас призмасы, жануарларды қорғау қағидаттары мен экологиялық ұйымдарды қорғау арқылы жүруі тиіс.

Отандық мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және шетелде елдің оң имиджін қалыптастыру үшін бұрынғы отандастармен жұмыстың жаңа тетіктерін енгізу маңызды.

Заманауи өнерді дамытуды басымдық ету және Жаңа мәдени толқынды қолдау қажет.

Бұқаралық спортты, ең алдымен балалар спортын жан басына шаққанда қаржыландыруды енгізу арқылы дамыту.

Сондай-ақ биік жетістіктер спортын қолдау мен дамыту, соның нәтижесінде кәсіби спортшылардың халықаралық аренадағы өнер көрсетуде нәтижелері деңгейінің артуы өз елі үшін мақтаныш сезімінің тудыруға әсер етеді.

Тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыру мақсатында мүмкіндіктері шектеулі адамдарды элеуметтендіруге бағытталған инклюзивті жобалар іске асырылатын болады

Әрбір қала мен өңірде отбасыларға қолдау көрсету, отбасылық шиеленісті шешу және әйелдер мен балаларға тұратын орын беру бойынша орталықтар құрылатын болады.

7-жалпыұлттық басымдық. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту

Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік саласындағы саясаты Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, ақпараттық, халықаралық, әскери және басқа салалардағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізі:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен әлеуметтік- экономикалық және қоғамдық-саяси теңгерімді даму міндеттерінің ажырамас өзара байланысы мен өзара тәуелділігі;

ұлттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарудың заманауи әдістерін енгізу;

ұлттық қауіпсіздік жүйесін сын-тегеуріндер мен қатерлерге қарсы тұруға бағдарлау ғана емес, орнықты даму үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің 2025 жылға дейінгі стратегиясында қамтамасыз етілетін болады.

8-жалпыұлттық басымдық. Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру

Басымдықтың мәні: кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін ынталандыруға және дамытуға, жеке меншік пен бәсекелестікті тиімді қорғауға бағытталған кәсіпкерлікті дамытудың "жаңа күн тәртібі". Негізгі нәтиже бәсекеге қабілетті отандық кәсіпорындарды қалыптастыру болады.

2025 жылға қарай Қазақстандағы түбегейлі өзгерістер:

кәсіпкерлік субъектілерін дамытудың қарапайым қағидаттарынан қазіргі заманғы кәсіпкерлік экожүйесін құруға;

бизнеске қолдау көрсету жөніндегі "сандық" міндеттен талап етілетін инфрақұрылымды құра отырып, сапалы "топтамалы шешімдер" қабылдауға;

реттеуден ынталандыруға;

"көлеңкедегі" бизнесті дамыту мүмкіндігінен адал "ашық" бизнесті жүргізуге жағдай жасауға және "көлеңкедегі" нарықты анықтаудың бұлтартпастығына;

жоғары әкімшілік бақылаудан кәсіпкерлік қызметті оңайлатуға және заңды түрде жүргізуге;

салалардағы меншік иесі және реттеуші ретіндегі мемлекеттің белсенді рөлінен жеке субъектілер арасындағы салауатты бәсекелестікке;

басым салалар есебінен сандық өсуге бағдарланудан (бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізген) әртүрлілік есебінен сапалы өсуге (бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу жолында);

ішкі тұтынуға ғана бағдарланудан жалпыөңірлік экспорттық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікке.

1-міндет. Бәсекелес салаларда мемлекет иелігінен алу

Стратегиялық функцияларды немесе ел жағдайында және ауқымында бәсекелестік экономикалық тұрғыдан орынсыз болатындарды қоспағанда, тиімді жекешелендіруді, мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беруді қамтитын экономиканы мемлекет иелігінен алу процесі жеделдетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін, оның ішінде өңірлердің ерекшелігі мен даму деңгейін ескере отырып оңтайландыру бойынша жұмыс жалғасады. Осындай жұмыс мемлекеттік кәсіпорындар бойынша да жүргізілетін болады.

2-міндет. Кәсіпкерлікті теңгерімді реттеу

Кәсіпкерлікті дамытудың "жаңа күн тәртібінің" негізгі басымдығы әкімшілік кедергілерді қысқарту арқылы бизнес құру рәсімін оңайлату болады.

Дағдарыстан кейінгі кезеңде мемлекеттік реттеуді жаппай жеңілдету жүргізіледі, " жаңа парақтан бастап" реттеу және нарыққа кіру және бизнесті жүргізу процестеріне кедергілерді азайту тетіктері енгізіледі.

"1 in 2 out" ("2-еудің орнына 1" жаңа реттеуші құралды енгізу тең болатын қолданыстағы екі реттеуді алып тастауды көздейді) қағидатын енгізу жүзеге асырылады, бұл кәсіпкерлерге қатысты артық талаптарды азайтуға мүмкіндік береді.

Жеке меншікке қол сұғылмаушылықты қорғау кепілдігін арттыру үшін Қылмыстық кодекстің барлық баптарында, егер кәсіпкердің қылмыстық теріс қылығы бюджет қаражатын ұрлаумен немесе мемлекеттің мүлдіктік мүдделеріне тікелей зиян келтірумен байланысты болмаса, кәсіпкердің мүлкіне мемлекет пайдасына тыйым салу түріндегі санкциялар алып тасталады.

Рұқсат беру құжаттарынан мемлекеттік лицензиялар қолданылатын болады. Басқа барлық рұқсаттар жойылады, олардың орнына бизнестің есептілігі, ерікті негізде қызметті талдау енгізіледі.

Бизнеске бақылау жүктемесін азайту, сондай-ақ отандық кәсіпкерліктің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлы тексерулердің орнына кәсіпорынның "диагностикасы" қағидаты енгізілетін болады. Тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде кәсіпорындарды жауаптылыққа тартпай "диагностикалау" мүмкіндігі мемлекеттік органдарға берілетін болады.

Шағын және микрокәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторийдің қолданылуы кезеңінде (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін) мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қатандатуға, сондай-ақ жаңа рұқсаттар мен хабарламалар енгізуге тыйым салынады.

3-міндет. ШОБ-тың өсуі мен дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту

Мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен шараларының атаулылығын кеңейту және арттыру арқылы бизнесті қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Ішкі және/немесе сыртқы нарықтарға қатысуды ұлғайтуға қабілетті кәсіпорындар мемлекеттің үлесі мен қатысу деңгейін айқын шектей отырып, "пакеттік шешімдер" арнайы шаралар кешенін айқындау арқылы ынталандырылатын болады.

Бизнестің барлық санаттары үшін салық салынбайтын сараланған қолдау шаралары көзделетін болады, бұл барлық мұқтаж кәсіпкерлерді қамтуға және оның орнына қоғам үшін соған мөлшерлес игілік алуға, оның ішінде отандық тауарларды міндетті өндіруді және кәсіпорындардың ішкі нарыққа қатысуын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік бастамасы бар халықты оқыту тәсілдері болашақ кәсіпкердің жаңа философиясының пайда болуымен өзгереді.

Бизнестің коммерциялық мүмкіндіктерін кеңейту үшін субсидиялау, гранттар, шығыстарды өтеу сияқты мемлекеттік қолдау шараларына салық салу жойылады.

Бизнестің банктік кредиттеуге тәуелділігін төмендету мақсатында микрокредит беруді, факторингті, қор нарығы мүмкіндіктерін кеңейту арқылы банктік кредиттеуге баламаларды дамыту қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстандық бизнес айналым қаражатын толықтыру мүмкіндігімен арзан қаражатқа немесе сомасы мен салалары жағынан шектелмейтін инвестициялық мақсаттарға қол жеткізе алатын болады. Бұл ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар санын 4 млн адамға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Реттеуді жеңілдету және инноватор компаниялар мен реттеуші арасындағы өзара тиімді іс-қимыл форматын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығына қатысушылар үшін құқықтық белгісіздік пен заңдық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін "реттеуші құм алаңы" қағидаты қолданылатын болады.

4-міндет. Салауатты бәсекелес ортаны қамтамасыз ету

Ұлттық экономиканы нығайту мақсатында, оның жазалаушылық бағытынан ауыр бұзушылықтар бойынша жауапкершілікті күшейте отырып, елеусіз құқық бұзушылықтарға "жеңіл құқық" құралдарын кеңінен қолдануға бағыттау арқылы бәсекелестікті дамыту бойынша проактивті мемлекеттік саясатты енгізу жөніндегі жұмыс жалғасады.

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының құқық қолдану практикасы жетілдірілетін болады.

Квазимемлекеттік сектор мен жеке бизнес арасында біртекті бәсекелес ортаны қамтамасыз ету, ЭЫДҰ елдерінің озық практикасын қолдана отырып, "бәсекелес бейтараптылық" қағидатын іске асыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

"Open Markets" (ашық нарықтар) қағидаттарын тұтынушылардың ақпаратқа қол жеткізуіне бағытталған ІТ-құралдары арқылы енгізу бәсекелестікті дамытудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Бұл салаға жаңа жеткізушілердің енуі

шарттарын жеңілдетеді және сатып алушылардың тиімді ұсыныстарды іздеуіне мүмкіндіктер береді.

Шектеулі ресурстарды бөлуде сәйкессіздіктер байқалатын нарықтарда (радиожиілік спектр және т.б.) тауарларды тұтыну жүйесін ("коллаборативті тұтыну") өзгертуге арналған "Sharing Economy" қағидаттары енгізілетін болады.

Биржалық саудаға қойылатын монополияға қарсы талаптардың сақталуын мониторингтеу (биржалық тауарды сатудың біркелкілігі мен тұрақтылығы, лоттардың ең аз және ең көп мөлшері, биржадан тыс мәмілелерді тіркеу, тауар биржаларының электрондық жүйесіне монополияға қарсы қол жеткізу) жер қойнауын пайдаланушылардың ресурстарға тең қол жеткізуін, сатушылар мен сатып алушылардың шектелмеген тобының сауда- саттыққа бір мезгілде қатысуы есебінен нарыққа қатысушыларды ұлғайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нарықтық баға белгілеудің сенімді баға индикаторлары бар ақпараттандыру жүйесі қалыптасады.

Биржалық тауарлар тізбесін кеңейту және сауда-саттық көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Бәсекелестікке әсерді бағалау мақсатында тауар нарықтарын реттеу саясатын әзірлеу, қайта қарау немесе өзгерту үшін мемлекеттің араласуының бәсекелестік салдарларына талдау жүргізілетін болады.

Сондай-ақ мемлекеттік қолдауды қысқарта отырып және "жасанды монополияларды бұзу" қағидаты бойынша бүкіл заңнамаға ревизия жүргізе отырып, өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің монополияларын реттеу жөніндегі жұмыс жалғасады, бұл монополиялардың көрсетілетін қызметтері мен тауарларына баға белгілеудің ашықтығын ғана емес, сондай-ақ монополиялар қызметтерін жеткізудің бүкіл тізбегінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Салалар мен өңірлерде бәсекелестікті дамыту стандарттарының жүйесі қалыптастырылады, бұл мемлекеттік аппаратты осы белсенді жұмысқа тартуға алып келеді.

Бәсекелестікті дамыту, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы процестің тиімділігін арттыру мақсатында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің орташа нарықтық бағаларын тұрақты түрде мониторингтеу бойынша тетік (онлайн-алаң) құрылады.

"Бір терезе" қағидаты бойынша шағымдарды қабылдаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құра отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың сапалы жүйесі орнықтырылады.

5-міндет. Жаңа жағдайларға бейімдеу үшін агроөнеркәсіптік секторды реформалау

COVID-19 пандемиясынан және мұнай бағасының құлдырауынан туындаған, өзгерген сыртқы жағдайлар мен бюджеттік шектеулер агроөнеркәсіп кешенін (бұдан әрі - АӨК) реформалауды және мемлекеттік ресурстарды неғұрлым ұтымды бөлуді

қажет етеді. Бұл 2025 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін - 1,3 есеге, АӨК-тегі еңбек өнімділігін - 2,5 есеге арттыруға, өңделген өнім үлесін 70%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіптік сектордың реформаларының негізінде:

1) саланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге саясаттар мен ілеспешығыстарды қайта бағдарлау;

2) өнімділік драйверлері ретінде білім мен цифрландыруға назар аудару;

3) жекелеген өндірістерден - құн жасау тізбегіне баса назар аудару болады.

Мемлекет бәсекелестікті күшейту, неғұрлым өндірісті кәсіпорындарды таңдау және жеделдетілген технологиялық жаңартуды қамтамасыз ету есебінен өсуді ынталандыруға мүмкіндік беретін ашық сауда мен Инвестицияларға бейілділік саясатын жалғастыратын болады.

Кәсіпорындардың сыртқы нарықтардағы сенімді өнім берушілер ретіндегі беделіне нұқсан келтіретін экспортқа қойылған шектеулер жойылады.

Бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдығы логистика объектілері мен ұсақ өндірістерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін қажетті инфрақұрылым құру болуға тиіс.

АӨК саласында білім мен ғылымға, цифрландыруға, технологияларды таратудың және енгізудің экожүйесіне мемлекеттік инвестициялар қамтамасыз етілетін болады.

АӨК-тегі цифрлық мамандардың санын кезең-кезеңімен ұлғайту және олардың сауаттылығын арттыру қамтамасыз етіледі. Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде оқыту/қайта оқыту және микрокредит беру сияқты бағыттарды кеңейту ұсынылады.

Бұл ретте саланы ауыл шаруашылығын цифрлық қамтамасыз етуге қайта бағдарлауды ескере отырып, аграрлық білім беруді реформалау жөнінде шаралар көзделетін болады.

Ет, жеміс, көкөніс, қант, дәнді, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және қайта өңдеу бойынша жеті ірі экожүйені қалыптастыру жоспарлануда. Балық саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ірі жобалар қосылған құн құрудың орталық элементі ретінде түйінді рөл атқаратын болады.

Реформаларды іске асыру бөлігінде мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді жақсартатын болады, сапаны, бақылануды, қауіпсіздік талаптарының орындалуын және тізбектердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін заңнамалық және реттеушілік база нығайтылатын болады.

Инновацияларды тарату, оқыту, сапаны басқару, нарыққа (оның ішінде сыртқы нарыққа) қолжетімділікті қамтамасыз ету және тәуекелдерді азайту жөніндегі платформалар мен институттар инвестициялық қолдау алады.

Су және жер ресурстарын тиімді басқару және шөлейттенуге қарсы күрес үшін геоақпараттық жүйелер жаппай қолданыс табады.

Пайдаланылмайтын учаскелерге салықтық жүктемені ұлғайта отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану маңызды шарт болады. Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру бойынша жұмыс жеделдетіледі, топырақты мелиорациялау мен рекультивациялау тәсілдері жаңғыртылады.

Су заңнамасы жеке тұлғалардың, аграрийлер мен кәсіпорындардың суды тиімді пайдалануына, кәсіпорындар мен тұрғын үй-коммуналдық салада суды пайдалану мен тазартудың тұйық циклын ынталандыруға түрткі болатын жүйелі нормаларды енгізу мақсатында жаңартылады.

Ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, жаңа су шаруашылығы объектілерін (арналар, су қоймалары) салу, топтық су құбырларын реконструкциялау және су үнемдеу жөніндегі шараларды енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Мемлекеттік және жеке бағдарламаларға қатысуға дайындықты қоса алғанда, АӨК субъектілері арасында технологиялар трансферті мен үздік практикаларды қолдану жүйесін жолға қою көзделеді.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің кооперациясын дамытуды ынталандыру жөніндегі тетіктер - өңірлік азық-түлік хабтары енгізілетін болады. Бұл ауқым тиімділігіне қол жеткізуге, олардың келіссөздік күшін ұлғайтуға және құн құру тізбегінде тиімді жайғасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет, оның ішінде инновацияларды енгізуге бағытталған (бүкіл тізбекті қаржыландыру, сауда және инвестициялық кредиттер, кепілдік беру, лизинг) қаржы құралдарын жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырады.

6-міндет. Өнеркәсіп секторларында мамандандырылған факторлар мен нарықтық жағдайлар жасау

Елдің өнеркәсіптік саясаты отандық кәсіпорындардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру үшін жағдай жасауға бағытталатын болады. Реформалар жүйе құраушы кәсіпорындардың дағдарыстан кейінгі жаңа болмыстарға жедел бейімделуімен өнеркәсіптің стратегиялық маңызды салаларын орынды қорғауға әсер етеді.

Стратегиялық маңызды өндірістер, негізгі экспорттық басымдықтар айқындалады, сондай-ақ өндеуші өнеркәсіп өндірушілері үшін, оның ішінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісім шеңберіндегі топтамалық шешімдер арқылы қолдау шараларының құралдары айтарлықтай кеңейтілетін болады. Өндеуші өнеркәсіптің өндіру көлемі 1,5 есеге артады.

Экспорттың "күрделілігінің", оның ішінде қосылған құнды құрудың өңірлік және жаһандық тізбектеріне кіру арқылы өсуі жаңа өнімдер өндірісін мемлекеттік қолдаудың бағдарына айналады. Бұған елдің белгілі бір тауар нарығында орнықты орын алуы үшін жеткілікті нарықтық үлеске қол жеткізе отырып, экспортталатын тауарлар номенклатурасын ұлғайту жолымен қол жеткізілетін болады.

Мемлекеттік, квазимемлекеттік секторлар мен жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан кепілдік берілген сатып алу көзделетін болады және жобаның іске асырылуының бүкіл мерзіміне заңнамалық жағдайлардың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

Стратегиялық жобалар үшін заттай гранттарды топтамалық ұсыну, жеңілдікті қаржыландыру, ішінара кепілдік беру, экспорттық қолдау тетігі ұйымдастырылады. Инвесторлардың күрделі шығындарының бір бөлігі салықтық міндеттемелерге қарсы есепке жазу арқылы өтеледі. Қолдаудың нақты деңгейі күрделі салымдар көлеміне және жобаның басымдылығына байланысты болады. Осы себепті мемлекет кеңістіктегі дамумен конвергенцияда сапалы өнеркәсіптік инфрақұрылымның артық ұсынысын жасауға назар аударады.

МЖӘ қағидаты бойынша индустриялық аймақтар мен индустриялық парктер салу тетігін дамыту жалғасады. Бұл ретте жаңа индустриялық аймақтарды құру объектілерді салу кезінде шетелдік стандарттарды тікелей қолдану және басқарушы компанияға жобаларды сараптау бойынша өкілеттіктер беру мүмкіндігімен жүзеге асырылатын болады.

Геологиялық барлауға инвестициялар тарту, шикізат базасы мен өндірісті дамыту сегментіне технологиялар трансфертін қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар үшін АХҚО-ның мамандандырылған биржа алаңын белсенді түрде іске қосылатын болады.

Өндіруші салалардың ашықтығы бастамаларына сәйкес деректердің толық ашықтығын қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдалану салдарын жою кезінде қоршаған ортаны қорғау, ішкі нарық пен елді мекендердің құрылыс материалдарына сұраныстарын ескере отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды беру, ресурс тиімділігі мақсатында тау-кен өндіру және энергетикалық өндірістер қалдықтарын пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық база жетілдірілетін болады.

Табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру мақсатында оларды кейіннен стандарттай отырып (тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды ұсыну регламенттерін, стандарттарын қабылдау) қызмет берушілердің тиісті міндеттемелері бар көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үлгісі бойынша қызметтерге ревизия жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын қызметтердің сапасы мен сенімділігінің өлшемшарттары енгізіліп, тариф деңгейі оларға қол жеткізуден байланысты болады. Тариф белгілеу энергия өндіруші ұйымдардың тарифтерін, оның ішінде электр энергиясын өндіруге арналған шығындар сметасын бекітуге және өзгертуге қатысты материалдарды ашық қолжетімділікте орналастыру міндеттемесі арқылы ашық болатын болады.

Табиғи монополиялар субъектілерін және коммуналдық секторды инфрақұрылымға техникалық қосуға арналған талаптардың толық тізбесі айқындалатын болады.

Көрсетілетін қызметтер кезең-кезеңімен "бір терезе" қағидаты бойынша көрсетіле бастайды.

7-міндет. Жеке ғылыми-технологиялық және инновациялық базаны дамыту

Ғылым мен ғылыми-технологиялық даму саласында мыналарға:

экспорттық әлеуеті жоғары отандық технологияларды әзірлеуге және шетелдік технологияларды елде орналастыруға немесе ішкі нарықта технологияларға қажеттілігі бар, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс/сатып алу арқылы сұраныс жасауға;

жаңа технологияларды коммерцияландыру мен трансферттеуді қаржылық және қаржылық емес қолдауға;

технологиялардың сараптамасын, консультациялық көрсетілетін қызметтерді және алдын ала мақұлданған технологиялық шешімдерді түзуді қамтитын, сараптамалық сүйемелдеуге бағытталған саясат қалыптастырылып, іске асырылады.

Негізгі технологиялар деңгейінде салалардағы үйлесімді саясатты қамтамасыз ету мақсатында ғылым, бизнес, білім беру, сарапшылар қоғамдастығы, мемлекеттік органдар мен даму институттары үшін басым бағыттарда бірыңғай технологиялық бағдарлар айқындалатын болады.

Технологиялық саясатты (стратегияларды) қалыптастыру бойынша инфрақұрылымның басты элементтері құзыретті сарапшылар, сондай-ақ саланың әлемдік технологиялық көшбасшылары жұмысына тартылатын технологиялық құзыреттердің салалық орталықтары (ЖОО, ҒЗИ немесе мамандандырылған ұйымдар базасында) болады.

Елдің инновациялық және технологиялық дамуын қамтамасыз етуде, инновациялар мен технологияларды дамыту саласындағы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілдері мен тетіктерін қалыптастыруда, сондай-ақ қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалауда жалпы үйлестіру Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан құрылатын Технологиялық саясат жөніндегі кеңес шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Барлығы 2025 жылға қарай басым технологиялық бағыттарда кемінде 10 технологиялық алаңдар мен нысаналы технологиялық бағдарлама жасалатын болады.

Ғылыми-қолданбалы зерттеулер үшін заманауи инфрақұрылым жасалатын болады. Бұл - жетекші университеттер жанындағы (немесе салалық бірлестіктер мен қауымдастықтар) инжиниринг орталықтары, технологиялық дамудың негізгі бағыттары бойынша ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтарының (зертханалардың) дамыған желісі болады.

АХҚО базасында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тіркеу және қорғау жөніндегі әкімшілік-құқықтық тетік құрылатын болады.

Жоғары технологиялық стартаптарға өндірістік алаңдар, оның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар базасында тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу, тәжірибелік үлгілер, прототиптер немесе пайдалы модельдер жасау, өз өнімдерінің аз сериялы партияларын шығару үшін берілетін болады.

Ғылыми-зерттеу жобаларына гранттар беру және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру кезінде бірлесіп қаржыландыру тетігі арқылы өндіріспен байланыс қамтамасыз етіледі.

Әзірлемелер мен инновацияларға ықпал ететін заңнама жаңа технологияларды әзірлеуге, сынауға және енгізуге (мысалы, өнеркәсіпте, қызмет көрсету саласында, өрт сөндіруде және т.б. пайдалану үшін пилотсыз автомобильдерді, дрондарды сынау) тиімді және уақтылы бейімделу үшін неғұрлым икемді болады.

Инновациялық компанияларға қолданыстағы заңнаманы бұзу тәуекелінсіз экономиканың әртүрлі салаларында жаңа өнімдер мен қызметтерді сынауға мүмкіндік беретін ерекше құқықтық режим - Ұлттық салааралық реттеуші құм алаңы құрылатын болады. Мұнда жинақталған тәжірибесі мен сараптамасы бар АХҚО белсенді түрде тартылатын болады, ол үздік практика мен тәсілдерді имплементациялауға мүмкіндік береді.

8-міндет. Көлік-логистика секторын реформалау және байланыстылықты жақсарту
Мыналарға:

- 1) қолжетімді, қауіпсіз және инклюзивті ұтқырлықты қамтамасыз етуге;
- 2) жаһандық тізбектерге интеграциялану және халықаралық транзиттік хабқа айналу үшін елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға;
- 3) орнықтылықты қамтамасыз ету және көлік шығыстарын азайту үшін саладағы бәсекелестік пен тиімділік деңгейін арттыруға;
- 4) барлық өңірлерде инфрақұрылымның байланыстылығын жақсартуға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Жалпы қолжетімділік сала кәсіпорындарының, әсіресе авиа- және автобус тасымалдарын қаржылық қолдау және олардың берешегін қайта құрылымдау жөніндегі жоспарды әзірлеу арқылы қамтамасыз етілетін болады. Реформалар жұмысының орнықтылығын қамтамасыз ету үшін қоғамдық көлік олардың көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер құрылымын да қамтиды.

Көлік-логистикалық инфрақұрылымды жаңғыртуды жалғастыру және елдің транзиттік хаб ретіндегі рөлін бекіту үшін сыртқы сауда рәсімдерін оңайлату жалғасады. Негізгі сауда дәліздерін күшейту көзделеді, мультимодальды инфрақұрылым мен логистикалық көрсетілетін қызметтер дамиды, шекарадан өту рәсімдері көрші елдермен бірлесіп жақсартылып, үйлестіріледі. Экспорт пен импортқа арналған құжаттар саны, сондай-ақ оларды дайындау уақыты қысқарады.

Жол желілерін қаржылық және институционалдық нығайту бойынша жұмыс жүргізіледі. Автожолдар бөлігінде жол активтерін басқару жүйесін құру арқылы бюджет ресурстарын пайдалану тиімділігі едәуір артады, нәтижелілік пен өнімділік көрсеткіштеріне негізделген келісімшарттарды пайдалану, сондай-ақ бюджеттен тыс көздерден, бірінші кезекте, көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар есебінен қосымша қаржыландыруды қамтамасыз ету кеңейеді.

Теміржол тасымалдарын тиімді дамыту нарықты ырықтандыру және бәсекелестікті арттыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Магистральдық теміржол желісін дамыту қазіргі бар инфрақұрылымды жаңғырту арқылы транзиттік бағыттарда басым түрде жүзеге асырылады.

Бұл даму теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетінің резервін, бірінші кезекте Қытай - Еуропа - Қытай контейнерлік тасымалдау бағытында озық қарқынмен қамтамасыз етуге тиіс.

Жеке инвестицияларды тарту үшін теміржол тасымалдарына ашық қол жеткізу режимі енгізіледі және авиатасымалдар нарығы ырықтандырылады.

Мемлекет өңірлер арасындағы және қалалар мен аудан орталықтары, шалғай ауылдар арасындағы ішкі инфрақұрылымдық байланысты нығайтуға назар аударады. Барлық өңірлер негізгі көлік дәліздеріне қол жеткізетін болады. Бұл өсу түрлі жерлерде әлеуетті іске қосуға және халықтың базалық игіліктерге қол жеткізуін жақсартуға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы аудандарында жеткізудің жаңа және тұрақты тізбектерін дамыту және олардың транзиттік дәліздермен байланысын қамтамасыз ету арқылы логистика инфрақұрылымы орнықтырылады.

9-міндет. Ішкі туризмді дамыту

Пандемияның ықпалымен қалыптасқан жағдайларда ішкі туризм экономика өсімінің жаңа көзіне және экономиканың аралас салаларының дамуына орасан мультипликативтік әсер ететін бизнестің ең табысты, еңбекті көп қажет ететін бірден бір түріне айналады.

Ол үшін туристік ресурстарды дамыту мақсатында инвестициялық әлеуетті кеңейтуге бағытталған кешенді шаралар қабылданатын болады.

Туристік орындарды дамыту және еңбек ресурстарын салаға жаппай тарту, оңтайлы туристік жағдай жасау, Қазақстанның туристік әлеуетін танымал ету арқылы туристік көрсетілетін қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға ерекше назар аударылатын болады.

Мәдени туризмді дамыту үшін халықтың бай мұрасы мен "Қазақстанның киелі орындары" атты еліміздегі киелі орындарының мәдени-географиялық картасы кеңінен пайдаланылатын болады.

Қазақстанның топ-10 туристік нүктелерін дамыту бойынша жұмыс жалғасады. Олардың ішінде - "Бурабай" курорт аймағы, Баянауыл курорт аймағы, Алакөл, Балқаш көлдері, Каспий теңізінің жағалауы. Инфрақұрылымды дамытуға, оның ішінде жолдар, жол бойындағы сервис, қонақ үй кешендерінің құрылысына, аумақты абаттандыруға баса назар аударылатын болады. Бұл ЖІӨ-дегі туризм үлесін 8%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Елді мекендерден тыс туристік объектілерге кірме жолдар салу дамытылатын болады.

Туристік инфрақұрылымды дамытуға жеке инвестицияларды тарту мақсатында туристік объектілерді салу, реконструкциялау және жабдықтау кезінде жеке бизнестің шығындарын өтеу жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік органдардың шығындарды өтеу жөніндегі құзыреті айқындалады.

Дүниежүзілік туризм ұйымының QUEST стандарттарына сәйкес Destination management organization (Туризмді басқару жүйесі) қызметін стандарттау белсенді түрде енгізіледі.

10-міндет. Инфрақұрылымды дамыту және экономиканың негізгі салаларын цифрландыру

Салаларды технологиялық жаңарту және цифрландыру бойынша жағдайлар жасау үшін сенімді, қолжетімді және қауіпсіз цифрлық инфрақұрылымды дамыту бойынша белсенді жұмыс жалғасады.

Елдің инновациялық дамуына жаңа серпін беру және төртінші өнеркәсіптік революция технологияларын белсенді қолдану мақсатында 2021 жылы АХҚО платформасында Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік революция технологияларының үлестес орталығы ашылады.

Цифрлық теңсіздікті азайту мақсатында халық саны 250 және одан көп барлық елді мекендерде Интернет сапасын арттыру жұмысы қамтамасыз етілетін болады. Мобильдік байланыс пен Интернетке қолжетімділіктің жаңа буындағы технологиялары дамитын болады. Урбандалу мен экономикалық орындылықты ескере отырып, халқының саны 250 адамнан аз қалған ауылдарды Интернетке қосу пысықталатын болады. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалар 50 жоғары жылдамдықты интернетпен 100% қамтылатын болады.

Деректер транзиті және цифрлық көрсетілетін қызметтерді дамытудың жаһандық нарығына қатысу үшін дата-орталықтар салу және орналастыру жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік және коммерциялық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында азаматтардың қалауы бойынша паспортпен немесе жеке куәлікпен ұқсастығы бойынша авторландырудың бірыңғай тетігі ретінде биометрия мен "бұлтты" ЭЦҚ сияқты басқа да тетіктер негізінде бірыңғай "цифрлық бейін" енгізіледі.

Республиканың бүкіл аумағында өзекті картографиялық материалдары бар бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесі құрылады.

Қазақстанның телекоммуникациялық және ғарыш салаларының - меншікті ғарыш техникасын өндіруден және ғарыштық байланыс жүйелерін, спутниктік навигацияны ұсынудан бастап өзінің бағдарламалық өнімдерін, оның ішінде халықаралық нарыққа шыға отырып құруға дейінгі барлық бағыттарының нәтижелерін үйлесімді қолдану қамтамасыз етілетін болады.

Халықаралық тәжірибе негізінде Инновациялық обсерватория (инновациялар, технологиялар және ғылым саласындағы ұлттық ақпарат жүйесі) құрылатын болады.

Корпоративтік инновациялар дамиды, оның ішінде жүйе құрайтын ірі компанияларда инновациялар орталықтары мен акселераторлар құруды ынталандыру арқылы дамиды, олар үшін бизнес қаражатын инновацияларға қайта инвестициялау мүмкіндіктері әзірленетін болады.

Озық инновациялық технологияларды қолдана отырып, ғылымды қажет ететін жаңа өнімдерді әзірлеу арқылы отандық тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі артады. Ол үшін кәсіпкерлерді қолдау және инвестициялар тарту саясатына өзгерістер енгізілетін болады.

Негізгі салалардың кәсіпорындарын автоматтандыру және цифрландыру, тыныс-тіршіліктің түрлі салаларын (қаржы секторы, мемлекеттік сектор, қалалық инфрақұрылым, білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс және басқалар) цифрлық трансформациялау бойынша жұмыс жалғасады.

Кәсіпорындардың технологиялық міндеттерін шешу және өнімнің/ көрсетілетін қызметтердің/инфрақұрылымның сапасын арттыру мақсатында ірі кәсіпорындардың өндірістік процестерінде, шағын және орта бизнес кәсіпорындарында одан әрі ірілендіре отырып, инфрақұрылымды дамытуда ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері қолданылатын болады. Негізгі салаларды - көлік және логистика, жер қойнауын пайдалану, ауыл шаруашылығы негізгі салаларының цифрлық трансформациясы негізгі назарда болмақ.

11-міндет. Экономиканы технологиялық даму есебінен әртараптандыру

Жастардың жанашыл және білімді бөлігін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, отандық жана ірі жоғары технологиялық компаниялардың пайда болуы және жаңа жұмыс орындарын құру үшін жаңа формацияның орта класын дамыту үшін негіз ретінде технологиялық және венчурлік кәсіпкерлікті дамыту аса маңызды болады.

Экономиканың тарихи күшті жақтары мен флагман-компанияларға сүйене отырып, технологиялық хабтар мен кластерлер құрылып, онда экспортқа бағдарланған зәкірлік өнімдер пайда болады.

Мемлекеттік органдар үшін АКТ-жабдығын, сондай-ақ әлемдік өндірушілермен бірігу есебінен халықаралық нарықтарға экспорттау үшін әлеуетті смарт аспаптар мен құрылғыларды оқшаулауға назар аударылатын болады.

12-міндет. Жасанды интеллект элементтерін енгізу және барлық жерде Big Data технологияларын кеңінен пайдалану

Жасанды интеллектісі бар технологияларды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Жасанды интеллект және *Big gata* негізінде аналитиканы енгізуге мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру жоспарлануда.

Жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, ғылыми зерттеулерге, қазақстандық ғылыми-техникалық шешімдер мен прототиптерді әзірлеуге салынатын инвестициялар үлесі арттырылатын болады.

Нәтижесінде елде жасанды интеллектінің кешенді дамуына ықпал ететін ғылымның, бизнестің және мемлекеттің экожүйесі қалыптасады.

13-міндет. Венчурлік қаржыландыруды дамыту

Жеке венчурлік капиталды тарту үшін АХҚО инфрақұрылымы мен мүмкіндіктерін дамыту және қолдану жөніндегі жұмыс жанданатын болады.

Экономиканың басым салаларында да халықаралық баламаларды ауыстыра алатын және әлемдік деңгейдегі инновациялардың драйверлері болатын бірқатар қазақстандық жобалар айқындалады.

Отандық IT-секторға жәрдемдесу мақсатында қаржылық қолдау шараларын қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған және IT-қызметтердің/тауарлардың технологиялық өндірістерін құруда қажетті қолдау құралдарымен IT-жобаларды қаржыландыру бағдарламасы енгізілетін болады. IT-саласында инвестициялар 500 млрд теңгеге дейін 6 есеге артып, 100 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Құрылған қаржылық экожүйе арқылы қолайлы реттеу режимі негізінде жаңа көрсетілетін қызметтерді құрудан бастап венчурлік қаржыландыруды іздеуге дейін қаржы-технология компанияларын дамытуға қолдау көрсетілетін болады.

14-міндет. Салықтық-бюджеттік тұрақтылықты сақтау

Ағымдағы жағдайларда бизнеске салық жүктемесін жеңілдете отырып және бюджет шығыстарын экономикалық белсенділікті қолдауға бағыттап, контрциклдік макроэкономикалық саясатты іске асыру жалғасады.

Экономиканың тұрақтануы кезінде бюджет шығыстарын оңтайландыру, мұнайға қатысты емес және шикізаттық емес түсімдерді арттыру, Ұлттық қордан қосымша қаражатты пайдалануды шектеу және оның көлемін болашақ ұрпақ үшін молықтыру арқылы бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығын қысқартуға бағытталған фискалдық бейімдеу мен топтастыру бірінші кезектегі мақсатқа айналуға тиіс.

Салық салу деңгейі мен тетіктері экономиканың жаңа құрылымына бейімделеді. Бұл ретте таргеттелетін ішкі өндеу үшін тартымды жағдайлар жасауға, еңбекақы төлеу қорының өсуін ынталандыруға және халықаралық салық салуды жетілдіруге баса назар аударылатын болады.

Орта мерзімді перспективада фискалдық саясат бюджет тапшылығын ЖІӨ-нің 3%-нан аспайтын деңгейде ұстап тұратын болады және мемлекеттік борыш ЖІӨ-нің 50%-нан аспайтын болады.

Жеңілдіктер бойынша толық деректерді көрсету, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін белгілеу, жеңілдіктердің қолданылу мерзімін шектеу, салық

төлеушілердің қарсы міндеттемелерін айқындау үшін салық есептілігі нысандарына өзгерістер енгізе отырып, салық жеңілдіктерін беру саясаты жетілдірілетін болады.

Бюджет тәртібін күшейту және Ұлттық қордың жинақтаушы функциясын қолдау үшін кепілдік берілген трансферттің мөлшерін айқындау 2023 жылдан бастап инфляция бойынша ұзақ мерзімді мақсатқа ұлғайтылған нысаналы ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейінде шекті деңгейге де, сол сияқты мемлекеттік шығыстардың өсу қарқынына да тікелей шектеу белгілейтін контрциклдік бюджет қағидасына негізделетін болады.

Мемлекеттік шығыстардың көлемі бюджеттің мұнайға қатысты емес кірістерімен және кесімді баға кезінде болжанатын кепілдік берілген трансфертпен, нысаналы трансфертпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында көрсетілген мұнайға қатысты емес тапшылық бойынша шектеулер ескеріле отырып жоспарланатын тапшылықпен шектелетін болады.

2023 жылдан бастап бюджет қағидасы фискалдық саясатты мемлекеттік шығыстардың өсуін шектеуге және мұнайлық емес тапшылықты біртіндеп төмендетуге бағдарлайтын болады.

Бюджеттік қағидалар республикалық және жергілікті бюджеттер деңгейінде ғана емес, сондай-ақ шоғырландырылған бюджет деңгейінде іске асырылатын болады. Шоғырландырылған бюджеттің периметрі барлық мемлекеттік операцияларды қамтиды.

Бюджет шығыстары ұзақ мерзімді және орнықты өсуге қол жеткізуге ықпал ететін болады. Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауға (зейнетақы, жәрдемақы және т.б.), адам капиталын (білім беру және денсаулық сақтау) және елдің байланыстылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытуға арналған шығыстар, сондай-ақ елдің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің түйінді факторы болып табылатын ҒЗТКЖ мен инновацияларға арналған шығыстар басымдыққа ие болады.

Өнімділіктің өсуіне және экономиканың мұнайға қатысты емес секторларын кеңейтуге бағытталған жеке капитал жетіспейтін бағыттарда мемлекеттік инвестициялар тарту қамтамасыз етілетін болады. Мұндай инвестициялар кемсітушіліксіз, деңгейлес сипатта болады.

15-міндет. Монетарлық саясатты тиімді басқару

Ақша-кредит саясатының мақсаты инфляцияның тұрақты және төмен деңгейін ұстап тұру болады.

Ақша-кредит саясаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа қайшы келмейтін бөлігінде әртүрлі макроэкономикалық күйзелістердің әсерінен

туындайтын ұзақ мерзімді үрдістерден болған ауытқуларды тегістей отырып, тұрақтылық пен орнықты экономикалық өсуге қол жеткізу жөніндегі жалпы макроэкономикалық саясатқа ықпал ететін болады.

Инфляция бойынша орта мерзімді мақсат 3-4% деңгейінде белгіленген. Бұл ретте алдағы жылдары инфляцияның ағымдағы мәндерден орта мерзімді таргет деңгейіне дейін төмендеуі экономиканы қалпына келтіруге теріс әсер етуі мүмкін.

Бұл мақсатқа қол жеткізу екі кезеңде жүзеге асырылады:

2020-2022 жылдарға инфляция бойынша нысаналы дәліз 4-6% деңгейінде болады;

2023 жылдан бастап жылдық мәндегі 4-5% аралық нысаналы бағдар белгіленеді, бұл инфляцияның неғұрлым бірқалыпты төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2025 жылдан бастап 3-4% мақсатына қол жеткізілетін болады.

Экономика мен қаржы секторындағы ақша-кредит саясатының трансмиссиясына кедергі келтіретін қазіргі шектеулерді еңсеру жөніндегі шараларды бір мезгілде қабылдау кезінде инфляциялық таргеттеу режимінің негіздерін нығайту жалғасады.

Валюталық саясат еркін құбылмалы айырбас бағамының режиміне сәйкес қалыптастырылатын болады, бұл сыртқы күйзелістердің теріс әсерін бәсеңдетуге, сондай-ақ ел экономикасында теңгерімсіздіктердің қалыптасуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Экспортты әртараптандыру және импортқа тәуелділікті азайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуіне қарай Ұлттық Банк 2023 жылдан бастап Қазақстан экономикасының 2025 жылға қарай кредиттеудің нарықтық қағидаттарына толық көшуді аяқтай отырып, экономиканы қолдайтын мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын біртіндеп тоқтата бастайды.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыруға және көлеңкедегі экономиканы азайту үшін цифрлық төлем жүйесін дамытуға назар аударады.

16-міндет. Бәсекеге қабілетті және тиімді қаржы нарығы

Қаржы секторын дамыту қаржылық көрсетілетін қызметтерді дамыту мен қолжетімділігін арттыру үшін жағдайлар жасай отырып, жүйелік және кредиттік тәуекелдерді азайту үшін қаржы ұйымдарын пруденциалдық реттеу арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз етумен қаржылық тұрақтылықты нығайтуға, экономиканы қаржыландырудың өсуін ынталандыруға, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағдарланатын болады.

Экономиканы қаржыландыруда банк секторының рөлін арттыру

Экономиканы кредиттік ресурстармен қамтамасыз етуде қаржы секторы маңызды рөл атқарады. Сондықтан олардың халық пен бизнес үшін қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ кредиттік ұйымдарды қорландырудың ұзақ мерзімді сипаты қарастырылады.

Қаржы ұйымдарының қызметін реттеу, оның ішінде меншікті капиталдың жеткіліктілігін, өтімділікті және жүйелік тәуекелдерді пруденциалдық реттеу қаржылық тұрақтылыққа нұқсан келтірмей кәсіпкерлерге кредит беруді ынталандыруға бағытталатын болады.

Банктік кредит беруді сапалы жандандыру бизнес пен халықтың кредиттік тәуекелдерін төмендету есебінен қамтамасыз етілетін болады. Кәсіпкерлерді кепілдікпен қамтамасыз ету тапшылығын жою үшін ықтимал шығындарды нарықтық қағидаттарда сақтандыруға, сол арқылы бизнесті қолдау үшін мемлекеттік шығыстарсыз басқа қатысушылармен кредиторлардың шығыстарын бөлуге мүмкіндік беретін кредиттік тәуекелді хеджирлеу тетіктері мен құралдары белсенді пайдаланылатын болады.

Оңалту және банкроттық жүйесі тиімсіз меншік иелерін ауыстыра отырып, дәрменсіз кәсіпорындардың нарықтан жедел шығуын қамтамасыз ететін болады.

Оңалту және банкроттық рәсімдері шеңберінде кепіл кредиторының басымдығын сақтау қамтамасыз етіледі. Кепіл мүлікке қатысты кез келген шешім кепіл кредиторының келісімімен ғана қабылданатын болады.

Шағын және орта бизнестің тұрақты өсуі қаржы нарығында қарыз капиталы балама көздерінің болуымен қамтамасыз етіледі. Факторингті, лизингті және аккредитивтерді дамыту үшін қарыз операциялары үшін қолданылатын сияқты фискалдық ынталандырулар мен реттеуші талаптар белгіленеді. Өз қызметін қаржыландыру баламаларындағы таңдаудың көптігі кәсіпкерлерге өзінің ресурстық базасын әртараптандыруға, ағымдағы шығындарды азайтуға және қаржылық жүктемені неғұрлым ұзақ мерзімге бөлуге мүмкіндік береді.

Банктерді орта мерзімді және ұзақ мерзімді қорландыруды қамтамасыз ету үшін банктердің ұзақ мерзімді облигацияларына сұраныс пен ұсынысты фискалдық және реттеушілік ынталандыру, жеке басқарушы компаниялар мен өмірді сақтандыру компанияларын қоса алғанда, институционалдық инвесторлар тарапынан ашық және нарықтық инвестициялау бойынша мүмкіндіктер жасалады.

Стресті активтер нарығын дамыту

Өткен дағдарыстар нәтижесінде екінші деңгейдегі банктердің, олардың стресс активтермен жұмыс жөніндегі еншілес компанияларының және Проблемалық кредиттер қорының балансында экономикалық айналымға тартуды қажет ететін жұмыс істемейтін активтердің елеулі көлемі жинақталған.

Мұндай жағдайларда банк секторын дамытудың негізгі бағыттарының бірі стресті активтерді нарықтық қағидаттарда басқаруға жеке басқарушы компаниялардың қаражатын тарту үшін қолайлы заңнамалық жағдайларды қалыптастыра отырып, стресті активтердің өтімді нарығын құру болып табылады.

Ол үшін банктер мен стресті активтерді басқаратын басқа да ұйымдар тарапынан стресті активтерді тиімді басқару мақсатында заңнамалық және реттеушілік жағдайлар жасалатын болады.

Жұмыс істемейтін активтердің құнын сақтау және оларды экономикалық айналымға қайтару мақсатында үздік халықаралық практикаға сәйкес, оның ішінде АХҚО алаңын пайдалау жолымен стресті активтерді қайта құрылымдау, банкроттық және өткізу процестері оңайлатылатын болады.

Стресті активтер нарығын жандандыру, активтердің сапасын жақсарту және оларды экономикалық айналымға тарту мақсатында үздік халықаралық практиканы ескере отырып, жұмыс істемейтін активтердің өркениетті нарығын құру тәсілдері әзірленеді.

Сұранысты, өтімділік пен әділ нарықтық бағаларды қалыптастыру арқылы жеке инвесторлар мен басқарушы компаниялардың қаражаты стресті активтер нарығын дамытудың драйвері болмақ, бұл олардың өтімділігін арттыру есебінен қайталама нарықты нығайтуға ықпал етеді.

Осы мақсаттарда стресті активтер нарығының барлық ойыншылары үшін тең қолайлы заңнамалық жағдайлар жасалатын болады. Атап айтқанда, стресті активтерді басқару жөніндегі инфрақұрылым, оның ішінде стресті активтерді экономикалық айналымға тиімді тарту үшін нормативтік құқықтық база құрылады.

Қаржы ұйымдарының балансын жедел тазартуды ынталандыру үшін банктерге және олардың еншілес ұйымдарына SREP (Supervisory Review and Evaluation Process, Қадағалау мен бақылау процесі) қадағалау жүйесі шеңберінде банктің несие портфеліндегі жұмыс істемейтін активтердің үлесіне қарай капиталға сараланған қадағалау үстемелерін қолдану бөлігінде реттеушілік талаптар күшейтілетін болады.

Жұмыс істемейтін активтер балансында өте көп шоғырланған банктердің стресті активтерін өткізу жөніндегі жеке жоспарларын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі келісетін болады. Мұндай іс-шаралар жоспарларының тиімділігіне және банктер қабылдаған міндеттемелердің орындалуына банктердің басшы жұмыскерлерінің дербес жауапкершілігі арқылы қол жеткізілетін болады.

Жеке бизнеске бағдарланған сақтандыру секторын дамыту және халықтың жинақтарын ұлғайту

Сақтандыру секторын дамыту жеке инвестициялар көлемін ұлғайтуға және орта мерзімді перспективада мемлекеттік бюджетке әлеуметтік жүктемені азайтуға ықпал етеді.

Ел экономикасының әлеуетті институционалдық инвесторы ретінде сақтандыру индустриясының одан әрі өсуі үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді бастамалар халық пен бизнес үшін бәсекеге қабілетті және тартымды сақтандыру қызметтерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталатын болады.

Сақтандыру өнімдерінің желісін кеңейту, сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыру, цифрландыруды дамыту арқылы сақтандырудың инклюзивтілігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады.

Кәсіпкерлік субъектілері көрсететін түрлі қызметтерге кәсіби жауапкершілікті уақытша сақтандыруды біртіндеп кеңейту және тарату кәсіби қателер болған жағдайда, халық пен кәсіпорындарды мүлктік қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын арттыру шеңберінде тәуекелдерді басқару және сақтандыру ұйымдары ішкі бақылау жүйесінің халықаралық тәсілдерін енгізе отырып, сақтандыру секторын "барабар" реттеуді жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Қор нарығын және оның инфрақұрылымын дамыту, капитал тарту және инвесторларды қорғау үшін жағдайлар жасау

Қаржы нарығының тиімділігін арттыруға және экономиканы кредиттеуді қалпына келтіруге бағалы қағаздар нарығының құралдары есебінен:

1) банктерді, сақтандыру ұйымдарын, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - БЖЗҚ) мен басқа да қорларды қоса алғанда, стратегиялық және жеке инвесторлардың қаражатын тарту;

2) қазақстандық қор нарығын халықаралық капитал нарықтарына интеграциялау мен ілгерілету және сыртқы портфельдік инвестицияларды тарту арқылы банктік кредит беруге балама қаржыландыру көздерін дамыту ықпал ететін болады.

Инвестициялар, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын енгізу, мемлекеттік қолдау құралдарын іске асыру үшін қолайлы және сенімгерлік орта құру қор нарығын реттеу алдында тұрған түйінді міндеттер болмақ.

Коммерциялық банктердің өз клиенттеріне брокерлік қызметтердің толық спектрін көрсету (қаржылық консультацияны, андеррайтингті, маркет- мейкингті қоса алғанда) есебінен қаржылық реттеуші реттейтін инвестициялық банкинг дамиды, тиісті талаптар айқындалатын болады.

Стратегиялық инвесторлардың рөлін арттыру және халықты қор нарығына тарту

Қор нарығында стратегиялық инвесторлардың жаңа топтарының пайда болуы мен дамуы нарықтың тереңдігі мен орнықтылығын арттыруға, сондай-ақ экономика субъектілерінің қор нарығының құралдары арқылы ұзақ мерзімді инвестициялар тартуына ықпал етеді.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір бөлігін жеке басқаруға беру және зейнетақы активтерін басқарушылардың пайда болуы бизнестің биржалық құралдар арқылы борыштық және үлестік қаржыландыруды тарту мүмкіндігін кеңейтеді.

Бағалы қағаздар нарығының өтімділігін арттыру үшін халықты қор нарығына белсенді тарту қамтамасыз етілетін болады.

Бағалы қағаздардың нарықтағы ұсынысын арттыру, құралдардың жаңа түрлерін дамыту

Қазіргі уақытта қор нарығында қарыздық қаржыландыру сегментінде мемлекеттік және квазимемлекеттік бағалы қағаздар мен банктердің бағалы қағаздары кеңінен көрініс тапқан. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдікті мөлшерлемелермен бизнесті қаржыландыратын нарықтық емес тетіктер қор нарығының құралдары арқылы қор жинауға тарту үшін нарықтық баға белгілеуді бұрмалайды.

Бағалы қағаздар ұсынысын кеңейтуге әкелетін, жеке бизнес компанияларының қор нарығына шығуын ынталандыру мақсатында бағалы қағаздар бойынша салық салудың қолданыстағы режимін сақтау және жаңа салықтық ынталандыруларды жасау қажет.

Бұл қазақстандық қор нарығында инвесторлардың кең ауқымы арасында жария орналастыруды жүзеге асырған компанияларға сараланған салық салуды енгізуді, сондай-ақ мемлекеттік қолдау алатын компанияларға қор нарығына міндетті шығуына қойылатын шарттарды белгілеуді талап етеді.

Орта бизнес субъектілері бағалы қағаздар бойынша кепілдіктер беру нысанында мемлекеттік қолдаудың жаңа құралдарын пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Инвесторларға кепілдіксіз тәуекелді болып көрінетін жобаларға арнап жеке капитал тартуға кепілдіктер мүмкіндік береді. Кепілдіктерді даму институттары купондық сыйақының және облигациялар бойынша негізгі борыштың бүкіл сомасына немесе оның белгілі бір бөлігіне бере алады.

Компаниялардың қор нарығына шығуға жұмсайтын шығыстарын өтеу, инвесторлар үшін сапалы сараптаманы сүйемелдеу және ұсыну бағалы қағаздарды шығару және эмитенттер арасында орналастыру жөніндегі шығасыларды азайтады.

Жеке орналастыруға арналған облигациялар, борышты өтеудің икемді шарттары бар инвестициялық облигациялар, "жасыл" қаржыландыру құралдары және клирингтік қатысу сертификаттары сияқты жаңа құралдар түрлерін енгізу жеке сектор компанияларының қор нарығы арқылы қаржыландыруды тарту мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Ұлттық компаниялардың Initial Public Offering (акцияларды бастапқы орналастыру, бұдан әрі - IPO) өткізу қор нарығындағы бағалы қағаздар ұсыныстарын кеңейтеді. Қазақстанның қалалары мен өңірлеріндегі кең ауқымды роуд-шоулар мен өтінімдерді жинау үшін жеткілікті уақыт кезеңін ұсыну бөлшек және институционалдық инвесторлардың IPO-ға кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді.

Жеке және квазимемлекеттік компаниялардың жаңа IPO-лары қазақстандық қор нарығын жаһандық капитал нарықтарында ілгерілетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде Қазақстанның MSCI (Morgan Stanley Capital International, Морган Стенли Капитал Интернешнл) және FTSE (Financial Times Stock, Файненшл Таймс қор биржасы индексі) халықаралық индекстеріндегі сыныптамасы "Emerging Markets"-ке ("

Дамушы нарықтар") дейін қайта қаралатын болады, халықаралық индекстердің құрылымын ұштастыратын пассивті инвестициялар қорларының қазақстандық компаниялардың акцияларына сұранысы мен инвестициялары ұлғаяды.

Банктік емес секторды дамыту

Қаржылық инклюзияны және халық, микро және шағын бизнес үшін базалық қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін дамыту үшін банктік емес кредит беру мен шағын қаржыландыру секторы жандандырылатын болады.

Халық үшін қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін ұлғайту, заңсыз қаржылық және алаяқтық операцияларды жүргізуге қарсы іс- қимыл жасау және көлеңкелі экономиканы одан әрі қысқарту мақсатында секторды, банктік емес микроқаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жүйесі жақсартылады.

Мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың тиімділігін арттыру және олармен микро- және шағын бизнес субъектілерінің басым бөлігін барынша қамту үшін банктік емес сектор экономиканың басым салаларын, ең алдымен, агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың дағдарысқа қарсы бағдарламаларын іске асыруға тартылатын болады.

Қаржылық технологияларды дамыту және инновацияларды енгізу

Қаржы нарығындағы бақылау мен қадағалау сапасын арттыру, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде өзара іс-қимылдың қарапайым және түсінікті форматтарын дамыту, тиімді деректер орталығының қадағалауын қалыптастырудың негізінде қаржы ұйымдарының реттеушілік талаптарды сақтауына мониторинг жүргізу үшін жаңа технологиялар енгізілетін болады.

Қаржы технологиялары мен инновацияларды одан әрі дамыту мақсатында қаржы нарығы субъектілерінің қаржылық көрсетілетін қызметтерін тұтынушылармен өзара іс-қимылының жаңа цифрлық арналарын енгізу, қаржы нарығының цифрлық инфрақұрылымын дамыту және қаржылық технологиялар нарығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалатын болады.

Тұтынушыларды қорғауды жақсарту мақсатында қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жұмыс істеу, халықтың қаржылық сауаттылығы мен хабардарлығын арттыру мақсатында цифрлық технологияларды пайдалану үшін ыңғайлы мультиарналы орта қалыптастырылатын болады.

Қолма-қол ақшасыз төлемдерді жаппай пайдалану және цифрлық қаржы сервистерін дамыту үшін өзара тиімді негізде қаржы нарығына қатысушыларды, банктік емес төлем ұйымдарын тарта отырып, қашықтан сәйкестендіру жүйесін, ұлттық төлем жүйесін пайдалануды қоса алғанда, қаржы инфрақұрылымын құру және дамыту жөніндегі жүйелі шаралар іске асырылуда.

Бұл нарықтағы бәсекелестікті күшейтуге, саланың жалпы шығасыларын азайтуға және ел ауқымында қолма-қол ақшасыз төлем қызметтерінің көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Инновациялық сервистерді енгізу және пайдалану үшін, оның ішінде

QR кодтары мен биометрия бойынша төлемдер жасауға құқықтық және инфрақұрылымдық жағдайлар жасалатын болады.

Нарыққа қатысушылардың өзара іс-қимыл жасасуы үшін ашық алаңдар технологияларын (Open API және Open Banking - ашық банкинг) енгізуге нарықты ынталандыру ашықтықты арттырудың, бәсекелестікті және қаржы нарығындағы коллаборацияны ынталандырудың, инновациялық қаржылық-технологиялық өнімдер мен сервистерді құрудың маңызды элементтеріне айналады.

Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен қаржылық инклюзияны тұтынушылардың құқықтарын қорғауды арттыру

Тұтынушыларды банктік емес қаржы ұйымдарының жосықсыз әрекеттерінен және алаяқтықтан қорғауды қамтамасыз ету, тұтынушылардың қаржы қызметтеріне сенімін арттыру, тұтынушылардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіретін жағдайларды болдырмау үшін мемлекеттік органдардың алаяқтық схемалар мен қаржы пирамидаларын анықтау жөніндегі реттеуші және үйлестіру жұмысы күшейтілетін болады.

Азаматтардың түрлі санаттарының, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың қаржылық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуін жеңілдету үшін қаржылық қызметтер көрсетудің арнайы талаптары мен стандарттары белгіленетін болады. Бұл үшін қаржылық инклюзияның халықаралық стандарттарын бейімдеу жөніндегі шаралар қолданылады, оларды ескере отырып кедергілер жойылады, қашықтан сәйкестендіру мен түпнұсқалаудың биометриялық әдістері арқылы құжатсыз және қашықтан халыққа қызмет көрсетуге кезең-кезеңмен көшу, сондай-ақ қаржылық көрсетілетін қызметтер алуды оңайлататын жағдайлары енгізіледі.

Қаржы нарығының барлық секторында - банктік, микроқаржы, сақтандыру және басқаларында азаматтардың барлық санаты үшін қолжетімді ортаны қамтамасыз ету ескерілетін қызмет көрсету стандарттары әзірленетін болады.

Қаржы ұйымдарының әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мақсатында қаржылық инклюзияны кеңейту шеңберінде қаржы ұйымдарының мүмкіндігі шектеулі адамдар алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыруға, олардың әлеуметтік өмірден оқшаулануына жол бермеуге бағытталған реттеу шаралары енгізіледі.

Қаржы нарығындағы киберқауіптерге жедел ден қою тетігі іске қосылады, ол қаржы нарығының субъектілері және қауіпсіздік орталығы атынан қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган арасында салалық ақпараттық ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша автоматтандырылған өзара іс-қимылды көздейді.

17-міндет. Инвестициялар тартудың жаңа тәсілдерін енгізу

